

СУ ТҰТЫНУДЫҢ НАҚТЫ ЛИМИТИ ЕГІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫН ӨЗГЕРТЕДІ?..

Сарқылмасын Сыр - Ана!



МАРАПАТ АЛҒАНДАР – ЕЛ МЕРЕЙІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлығының лауреаттарын, «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Президент өз сөзінде әр кәсіпкердің жетістігі ел мерейінің айқын көрінісі екенін атап айтты.

—Сіздер сапалы өнім өндіріп, экономиканы дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға зор үлес қосып келесіздер. Әлеуметтік жауапкершілікті терең сезініп, қайырымдылық істерге белсене атсалысып жүрсіздер. Бұл — өз кәсібiне адал, iскер және нағыз отаншыл азаматтарға тән асыл қасиет деп санаймын. Мемлекет Сiздерге ердайым қолдау көрсетуге дайын, — деді Мемлекет басшысы.

Рәсімде сапа саласында жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін «Марал-Нұр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің

құрылтайшысы Мұрат Нурсаитовқа «Алтын сапа» сыйлығы табысталды. 2005 жылы құрылған «Марал-Нұр» серіктестігі әлеуметтік маңызды бағыттарға жолаушылар тасымалы қызметін көрсетеді, 226 адамды тұрақты жұмыспен қамтыған. Паркінде 59 вагон бар, 5 облысты қамтитын екі бағытта жыл сайын 800 мыңнан астам жолаушы тасымалдайды.

«Қазақстанның үздік отандық тауар өндірушісі» номинациясы «Асыл дән LTD» ЖШС басшысы Нұрлан Алдамжаровқа берілді. «Асыл дән LTD» ЖШС – 2013 жылы құрылған Қазақстандағы жетекші күріш өңдеу кәсіпорындарының бірі. Бүгінде компанияда 63 білікті маман еңбек етеді. «Лидер», «Янтарь», «Элита», «Баракат» сортты жылтыратылған күріш, сондай-ақ терең өңделген өнімдер, күріш ұнтағы, қауыз және тары өндіреді. Сапаны қатаң бақылау мен өндіріс процестерін үздіксіз жетілдірудің арқасында компания өнімдері Қазақстан

аумағында және шет елдерде тұрақты сұранысқа ие.

«СКЗ-У» ЖШС бас директоры Сағыныш Орынбасаров “Парыз-2025” сыйлығының «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясымен марапатталды. Жаңақорған ауданында орналасқан «СКЗ-У» ЖШС – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес кәсіпорны, республикадағы инновациялық серпінді өндірістердің бірі. 2007 жылы бері индустрияландыру бағдарламасы аясында іске қосылған кәсіпорын жылына 500 мың тонна қуаттылықпен күкірт қышқылын өндіреді. Бүгінге дейін кәсіпорын 6,5 млн тоннадан астам өнім шығарды. Зауытта 273 адам еңбек етеді, олардың 90%-дан астамы – жергілікті тұрғындар.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, жауапты сала басшылары мен жергілікті кәсіпкерлер салтанатты шараға селекторлық режимде қатысты.

АСФАЛТ ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ

Жаңақорған ауданында асфальт зауытының ашылу рәсімі өтті. Оған жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Ардақ Темірханұлы өнеркәсіп саласында атқарылған жұмыстарға тоқталып, жаңа зауыттың ашылуымен құттықтады.

— «Өңіріміз құрылысқа қажетті негізгі материалдармен толық қамтамасыз етілген. Цемент, шыны, қиыршық тас, асфальт бетон, металл өңдеу, құрғақ құрылыс қоспалары мен темірбетон бұйымдары өндірісі жолға қойылған. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда құрылыс кластері алаңына айналып келеді.



Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жергілікті өнім өндірушілердің құрылыс материалдарының әлеуетін барынша пайдалану маңызды. Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қолдайды», – деген болатын.

«Шалқия тас» серіктестігі асфальт зауыты жобасын билытыр бастап, қазір алғашқы өнімін шығаруда. Зауыт облысымыздың, оның ішінде Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тігізетіні сөзсіз. Оған атсалысқан жеке инвестор «Шалқия тас» серіктестігіне алғыс білдіреміз, - деді Ардақ Темірханұлы.

Рәсімде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар және мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Жаңақорған ауданының құрметті азаматы Бақыт Нұртазаев құттықтау сөз сөйледі.

ЖОЛ БОЙЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің Жаңақорған ауданы тұсында жол бойы қызмет көрсету кешені ашылды.

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев жаңа кешен жұмысына сәттілік тіледі.

— «Бүгінде экономиканың қозғаушы күші саналатын инвестиция тарту саласында ауқымды жұмыс атқарылды. Биыл 720 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды. 2025-2028 жылдары 98 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 12 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады. Биылға 54 жобаны


жүзеге асыру жоспарлануда. Қазіргі уақытта 36 жоба бойынша жұмыс басталып кетті.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің бойында 55 сервистік кешен бар. «Caspian Service Asia» серіктестігі салған B санатты, заманауи жол бойы қызмет көрсету кешенінің жоба құны 1 млрд. теңге. Кешенде 22 орындық қонақ үй, 110 келушіге арналған қоғамдық тамақтану орны, 50 орындық монша, автовокзал және жанар-жағар май бекеті сынды нысандар іске қосылды. Кешенде 64 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің Қызылорда облысы аумағында 58 сервистік нысан жұмыс істейді, онда 1 050 адам жұмыспен қамтылған. Олардың 55-і, яғни 94,8 пайызы ұлттық стандарттарға сәйкестендірілген. Бұл көрсеткішпен Қызылорда облысы республикадағы алғашқы үштікке кіреді.

Вице-премьер Қанат Бозымбаев Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровпен бірге Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, фермерлермен алдағы вегетациялық кезеңге дайындық, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарын әртараптандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу мәселелерін талқылады.

Кездесуде Сырдария өзені бассейніндегі судың аздығы туралы қалыптасып отырған ахуал талқыланды. Нарын–Сырдария каскадына келіп түсетін су көлемі айтарлықтай төмендеген. Бұл келесі жылғы вегетациялық кезеңде су тапшылығы қаупін тудырады.




Оның салдарын барынша азайту мақсатында Су ресурстары министрлігі су қоймаларының жұмыс режимдеріне қатысты бірнеше болжамдық нұсқа әзірледі. Су тым аз келген жағдайда ресурстарды қайта бөлу және лимиттерді түзету қажет болатын сценарийлер пысықталды.

Су ресурстары шектеулі болған жағдайда ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі ылғалды көп қажет ететін дақылдар алқаптарын қысқарту және құрғақшылыққа төзімді, аз су қажет ететін дақылдарды енгізу арқылы егіс алқаптарын әртараптандыру жұмыстарын жалғастырып келеді.

Барлық су тұтынушылар судан тапшылық көрмеуі үшін және Сырдария өзенінің төменгі ағысында төтенше жағдай туындауына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысында 2026 жылы күріш егістіктерінің алаңы 70 мың гектардан аспауға тиіс.

Бір айта кететіні, егіс алқаптары жыл сайын оңтайландырылып жатқанына қарамастан, орташа өнімділік өсіп келеді. Мәселен 2024 жылы 85 мың гектар алқаптан гектарына 58 центнер, 2025 жылы 80 мың гектар алқаптан гектарына 58,1 центнерден өнім алынды. Бұған жаңа күріш сұрыптарын енгізу және заманауи техниканы пайдалану септік етіп отыр.



Сондай-ақ өңірде су үнемдеу технологияларын қолданатын егістік көлемі артып келеді. Егін алқаптарында судың ысырап болуының алдын алу үшін лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл әдіс суды 20%-ға дейін үнемдеп, өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Биыл 60 мың гектар күріш алқабы тегістелді.

Заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу тәуекелдерді азайтып, АӘК-тің орнықты дамуын қамтамасыз етеді. Бүгінде бұл технологиялар республика бойынша 500 мың гектардан астам жерде қолданылуда, ал 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 1,3 млн. гектарға дейін, яғни суармалы жерлердің шамамен 70%-ына дейін жеткізу жоспарлануда. Аталған мақсаттарға жету үшін Үкімет кешенді шаралар қабылдауда, соның ішінде субсидиялау мәселелері де шешілуде.

2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттің шеңберінде инвестициялық шығындарды өтеуге бағытталған жалпы трансферттер көзделген, ал қаржыландыру көлемі 215 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

- «Алдағы вегетациялық маусымда жоғарыдан келетін су көлемі айтарлықтай азаюы мүмкін. Ондай жағдайда су үнемдейтін технологиялар тыңайтқыштар мен өсімдікті қорғау құралдарымен қатар өсімдік шаруашылығы жүйесінің міндетті элементі болуы тиіс. Қызылорда облысының әкімдігі Су ресурстары және ирригация министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі және ғылыми ұйымдармен бірлесіп, инновациялық препараттарды қолдану үшін кемінде 100 гектар жер телімін анықтап, оларды жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржылық қолдауды қамтамасыз етуі қажет», — деді Қанат Бозымбаев.

Кездесуде фермерлерге суды пайдалану ашықтығын қамтамасыз ету және су ресурстарын есепке алуды одан әрі цифрландыру үшін енгізіліп жатқан биллинг жүйесі туралы да айтылды. Бұл — фермерлерді сумен қамтудың толық циклін біріктіретін бірыңғай цифрлық платформа. Оның ішінде өтінім беру және келісімшарт жасасудан бастап, нақты тұтынуды есепке алу және төлем жасауға дейінгі функциялардың барлығы бар. Жүйе процестерді оңтайландырады, суды бөлу мен есеп айырысудың ашықтығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ нақты көлемдерді дәл есепке алуға мүмкіндік береді.

Вегетациялық кезең басталғанға дейін Қызылорда облысының әкімдігіне диқандар арасында тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды. «Қазсушар» РМК-ға ылғалды көп қажет ететін дақылдарға бекітілген лимиттерге қатаң сәйкес келетін су беру шарттарын жасасу, сондай-ақ құқық қорғау органдарымен бірлесіп, алдағы вегетациялық кезеңде «қара су нарығымен» күресті күшейту тапсырылды.

Су шаруашылығындағы ахуал өзгерген жағдайда Су ресурстары және ирригация министрлігіне 2026 жылғы вегетациялық кезеңге арналған өңірлер бойынша су тұтыну лимиттерін 2026 жылдың 1 ақпанына дейін Ауыл шаруашылығы министрлігіне жолдау жүктелді. Ал Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2026 жылдың 1 наурызына дейін ылғалды көп қажет ететін дақылдардың егістік құрылымын нақты қолжетімді суару суының көлеміне сәйкес түзету тапсырылды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМНЫҢ ТАБЫСТЫ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне нұқсан келтіретін, қоғамдық сенімді әлсірететін ең күрделі әлеуметтік құбылыстардың бірі. Ол заң үстемдігін тежеп қана қоймай, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына себеп болып, мемлекеттік органдардың беделіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан жемқорлықпен күресу – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қоғамның барлық мүшесі атсалысуы тиіс екенін үнемі атап келеді. Әділетті Қазақстанды қалыптастыру жолында жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін орнықтыру – азаматтық қоғамның дамуы үшін қажетті алғышарт.

Ақжарма ауылдық округінде алдын алу шаралары жүйелі жүргізілуде. «Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты»

KMM-де сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Аппарат қызметкерлері мен бағынысты мекемелер мамандары үшін арнайы оқыту семинарлары мен түсіндіру сабақтары тұрақты өткізіледі. Онда мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормалары, құқықтық талаптар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама ережелері егжей-тегжейлі түсіндіріледі.

Бұл шаралар мемлекеттік қызметшілер арасында кәсіби жауапкершілікті арттырып, заң бұзушылықтардың алдын алуға, қызметтік тәртіпті нығайтуға бағытталған.

Қызметтік әдепті сақтау – мемлекеттік қызметшінің абыройы. Қолданыстағы заңнамаға сай, мемлекеттік қызметшілер бірқатар этикалық және құқықтық шектеулерді қатаң сақтауы тиіс.

Ақжарма ауылдық округі әкімінің аппараты «Open Space» қағидаты

негізінде жұмыс істеп, халықпен ашық диалог орнатуға басымдық береді. Тұрғындарға арналған ақпараттық парақшалар таратылып, жемқорлық фактілері немесе күдік туғызған жағдайлар туралы хабарлауға болатын байланыс нөмірлері ашық көрсетілген.

Сонымен қатар аппаратта жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп, қызметтік процестердің ашықтығын арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірленеді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат адалдық қағидаттарын ұстанып, әділеттілік мәдениетін нығайтуға үлес қосқанда ғана жемқорлықтың тамырына балта шаба аламыз.

Таза, әділетті және жауапты қоғам құру – біріміздің ортақ мақсатымыз.

С. ӨБДІРЕЕВ

Қызылорда қаласының Ақжарма ауылдық округінің әкімі

СЫБАЙЛАС

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаны белгілі. Осы Заңның 9-бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қарастырылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың бір жолы бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді іске асыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресейік дегім келеді.

С. ӨБДІЖАППАР

Қызылөзек ауылдық округінің әкімі

ЕСКЕРТКІШ - ҮНCІЗ АМАНАТ

Ескерткіш – елдің жадында қалған бейнені тасқа қашап жеткізетін үнсіз аманат. Әрбір мүсін,әрбір – тарихтың тоқсан тарауын бір сәтте тоқтатып,бүгінге әкелетін рухани белгі. Сондықтан елді мекендерге қойылатын тарихи-мәдени және монумент өнер нысандары тек көркемдік әлемет емес, қоғамның санасына әсер ететін идеологиялық құрал екені анық. Осыған байланысты мұндай нысандарды орнату Қазақстанда нақты заңнамалық негізде жүзеге асырылады.

Жалағаш ауданы бойынша ескерткіштердің барлығы арнайы мемлекеттік тізімге енгізілген. Әр нысан бойынша:

- Ғылыми паспорты,

- Тарихи сипаттамасы,

- Техникалық төлқұжаты,

- Орналасу схемасы

дайындалып, архивке енгізіледі.

Бұл жұмыстар ауданда әкімдік,мәдениет бөлімі және ескерткіштерді қорғау инспекциясы тарапынан жүргізіледі. Жаңа анықталған нысандарда кезең-кезеңімен есепке алынып отырылады. Ескерткіш орнатылмас бұрын оның идеясын, тарихи құндылығын, маңызын дәлелдейтін ғылыми-зерттеу құжаттары дайындалады. Бұл құжаттар мәдени сараптамадан өтеді.

Әр санатқа байланысты қорғау деңгейі мен пайдалану

тәртібі өзгереді. Мысалы, республикалық нысандар бойынша кез келген жұмыс тек уәкілетті органның рұқсатымен ғана жасалады.Монумент, мүсін, берельеф секілді нысандарды кез келген жерге қоюға болмайды. Ол үшін жергілікті атқарушы органнан рұқсат алып, қала құрылысы кеңесінің қорытындысы бекітіледі. Бұл талап «Архитектуралық, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына сүйенеді.

Кез келген монумент - автордың шығармасы. Оның жобасын рұқсатсыз өзгертуге, бұзуға немесе көшіруге болмайды. Бұл Авторлық және сабақтас құқықтар туралы заңында көрсетілген. Тарихи-мәдени объекті тіркелген сәттен бастап мемлекет қорғауына алынады. Заңда қоғамның рөлі ерекше атап көрсетіледі. Жалағаш ауданының тарихи-мәдени ескерткіштері Сыр өңірінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының ортақ мұрасы. Еліміздің заңдары олар-ды қорғауды нақты талап етеді. Заңды сақтау – ұлттық жауапкершілік. Тарихи нысандардың тағдыры бүгінгі ұрпақтың қолында. Өткеннің ізіне құрмет – болашаққа көрсетілген аманат.

Мақсат Жанболат Мақсатұлы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің әдескері

МАЛ ҰРЛЫҒЫ – АУЫЛ ТЫНЫШТЫҒЫНА ҚАТЕР, АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Ауыл өмірінің берекесі мал шаруашылығымен тығыз байланысты. Әр шаңырақтың күнкөрісі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлікке арқа сүйейтіні жасырын емес. Сол себепті соңғы жылдары жиілеп кеткен мал ұрлығы мәселесі ауыл тұрғындарының ғана емес, жалпы қоғамның алаңдаушылығын тудырып отыр. Мал ұрлығы – тек материалдық шығын емес, ол адамдардың көңіліне күдік ұялататын, ел ішіндегі сенімді әлсірететін, әлеуметтік тыныштыққа нұқсан келтіретін ауыр қылмыс.

Бүгінгі күні мал ұрлығының алдын алу әрбір азаматтың, әр отбасының, бүкіл ауыл қауымдастығының ортақ міндетіне айналуы тиіс. Ұрлықтың орын алуына көбіне малдың қараусыз қалуы, иесіз жүруі, түнгі уақытта қораға дұрыс қамалмауы себеп болады. Мал иесі тарапынан қарапайым сақтық шараларының сақталмауы қылмыскерлерге жол ашып беретінін естен шығармауымыз керек.

Ең алдымен әр тұрғын өзіне тиесілі малды түгендеп, өрістен оралатын уақытта бақылау орнатуы маңызды. Мал қорасын бекемдеп, есіктерезесін нығайтып, қарауыл жарық орнату да – ұрлықтың алдын алуға ықпал ететін қарапайым әрі тиімді тәсіл. Сондай-ақ ауыл арасындағы өзара бақылау мен көршілік қолдаудың рөлі зор. Бейтаныс адамдардың күмәнді әрекеттерін немесе ауыл маңайында белгісіз көліктердің жүрісін байқасаңыз, бірден ауылдық учаскелік полицияға хабар берген жөн.

Бүгінде құқық қорғау органдары да мал ұрлығына қарсы іс-қимылды күшейтіп, бейнебақылау жүйесін орнатуға, малдарды тәнбаулау және чиптеу жұмыстарын арттыруға күш салып жатыр. Алайда полицияның әрекеті тұрғындардың қырағылығымен, жауапкершілігімен ұштасқанда ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

Мал ұрлығын болдырмау – тек бір адамның емес, бүкіл ауылдың ортақ қауіпсіздігі. Атам қазақ «сақтансаң – сақтайды» деген. Сондықтан барша ауылдастарды мал-мүлкіне ұқыпты болуға, бір-біріне қолдау көрсетіп, ауылдағы тәртіп пен қауіпсіздікті бірге күзетуге шақырамыз. Ауылдың тыныштығы – өз қолымызда.

«ЕҢБЕКШІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» КММ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ қоғамның назарын, соның ішінде мүдделі жұртшылықты, «Қызылорда қаласының бас жоспары» қала құрылысы жобасының материалдарын қарау бойынша қоғамдық талқылау өткізілетіні туралы хабардар етеді.

Қоғамдық талқылауға қатысуға ниет білдірген азаматтардан «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ алдын ала хабарласуды сұраймыз.

Байланыс телефоны: 8 (7242) 27-49-20

Қоғамдық талқылау 2025 жылғы 24 желтоқсанда сағат 11:00-де төмендегі мекенжай бойынша өтеді: Сұлтан Бейбарыс көшесі, 16, Қызылорда облысы Білім басқармасының «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық және инновация академиясы» қосымша білім беру орталығы» КММ ғимараты.

Жобаны әзірлеуші:

«Казгипроград»1 Жобалау институты ЖШС

телефон– 8 (727)279-00-89

e-mail: kazgiprograd_1@mail.ru

МҰЗДАҒЫ БАЛЫҚШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қысқы балық аулау көптеген адамдар үшін хобби ғана емес, өмірлік бағыт. Қазіргі таңда жазатайым оқиғалар да жиі кездеседі және олардың кейбіреулері қайғылы аяқталады. Сол себептен балықшыларға сақ болу қажет!

Қысқы балық аулау кезіндегі қауіпсіздік ережелері:

- Мұздың беріктігіне сенімді болмасаңыз оған шықпаңыз!
- Үлкен топтар бір жерге жиналудың қажеті жоқ.
- Күшті ағыс болған жерде, өзендердің сағалары мен салаларында мұз әлдеқайда жұқа болады. Мұндай жерлерді айналып өтіңіз.

- Мұздың сенімділігі мен қалыңдығын түсі бойынша анықтауға болады: көк мұз–берік, ақ–екі есе жұқа, сарғыш немесе сұр мұздың сенімсіз екенін көрсетеді.

- Тірек ауданы неғұрлым үлкен болса, соғұрлым құлап кету ықтималдығы аз болады. Егер мұз жарылған болса, онда көлденең жатып, қауіпсіз жерге жылжуыңыз керек.

- Қалыңдығын тексеру үшін мұзды тепкілеудің қажеті жоқ. Мұздағы іс-қимылдарға сақ болу керек.
- Мұздың үстіне қатты тұман, жаңбырлы күндері шығудың қажеті жоқ.

- Қысқы балық аулау кезінде алкогольдік сусындарды тұтынуға болмайды.

- Мұздың астына құлап кеткен жағдайда қолыңызды екі жаққа жайып, мұздың шетіне жатуыңыз керек, жағаға (қауіпсіз жерге) қарай жылжыңыз.

- Бұл жағдайда судан шыға алмасаңыз, онда сыртқы киімді, жабдықтарды шешіп тастауыңыз керек.

Қауіпсіздікке салғырт қарамайық. Сақ болыңыз!

Құтқару қызметінің телефоны 112.

Е.Т.ЕСЕНГЕЛДИЕВ

Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ- АДАМИ МІНДЕТІМІЗ!

Табиғат – адамзаттың өмір сүруінің негізі, әлемнің тепе-теңдігін сақтап тұрған үлкен күш. Ауа, су, топырақ, орман, жануарлар мен өсімдіктер – барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан табиғатты қорғау – тек экологиялық мәселе ғана емес, әр адамның борышы, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігі.

Бүгінде қоршаған ортаға төнген қауіп аз емес. Өндіріс қалдықтарының көбеюі, орман алқаптарының кесілуі, ауаның ластануы, жануарлар әлемінің азаюы – бәрі табиғаттың әлсіреуіне әкелуде. Егер адамзат осы қарқынмен табиғатты пайдалануды жалғастыра берсе, болашақта таза су, таза ауа, құнарлы жер сияқты игіліктерге қол жеткізу қиынға соғуы мүмкін.

«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 2025 жылы орман күзеті қызметкерлері яғни, орманшылар өздеріне бекітілген айналымдарда табиғатты қорғау, оның ішінде мемлекеттік орман қоры жерлеріне күзету, қорғау және орман өрттерін болдырмау, оның алдын алу мақсатында жұмыстар атқарып отыр. Орман қоры жерлеріндегі өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау, олардың өсімін молайту бағытында біршама жұмыстар атқарып келеді. Орман және аң аулау заңдылықтарының бұзылуының алдын алып, өзге де заңсыздықтарға жол бермеу үшін тиісті іс-шаралар өткізіп жатыр.

Табиғатты қорғаудың ең тиімді жолы – экологиялық сауаттылықты арттыру. Әр адам өз тұрмысында табиғатқа зиян келтірмеуді үйренуі қажет: коқысты бөліп жинау, ағаш отырғызу, суды үнемдеп пайдалану, пластикті аз тұтыну, улы химикаттарды қолданбау – мұның бәрі үлкен іске қосқан кішкентай үлес. Сонымен қатар өндіріс орындары экологиялық талаптарды қатаң сақтап, зиянды қалдықтарды азайтуға күш салуы тиіс.

Жас ұрпаққа табиғаттың маңызын,онын үлкен құндылық екенін ұғындыру сіз бен біздің міндетіміз. Адамдар орманға, су жағасына барғанда табиғатқа зиян келтірмеуді, жануарлар әлемін қорғауды, гүлдерді қажетсіз жұлмауды түсінуі керек. Табиғатқа жанашыр көзқарас балалықтан қалыптасқанда ғана экологиялық мәдениеті жоғары қоғам қалыптасады.

Қорытындылай келе, табиғатты қорғау – әркімнің қолынан келетін іс. Біз табиғатты қорғай отырып, өз өмірімізді, денсаулығымызды, болашағымызды қорғаймыз. Жер – ортақ үйіміз, ал оны сақтау – ортақ мүддеміз. Табиғатты аялау – бүгінгі күннің ең өзекті және аса маңызды талабы екенін естен шығармаған абзал.

Ғани ЕСМАХАНОВ

«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ орман шебері

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **«Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V«О противодействии коррупции» сообщаем, что, в **коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
«Желтоқсан и К» ЖШС Бас редактор Сәрсенкүл Бейдешқызы БИҚОЖАЕВА Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1 Телефон: 23-16-08 23-16-11			

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАРДЫҢ АЙЛЫҚ АТАУЛЫ ЖАЛАҚЫСЫ 382 883 ТЕҢГЕ

Ұлттық статистика бюросының облыстық статистика департаменті мәліметтеріне сәйкес Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының биылғы жылғы қаңтар-қараша он айындағы дамуы жарияланды. Өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 447 198 млн. теңге, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 82%-ды құрады. Облыстағы үлесі 51,1% болып отыр.

Мұнай ұңғымаларының сулануы салдарынан шикі мұнай өндіру көлемі 19,7% төмендеген. Мәселен 2024 жылы 10 айда 2 490,2 мың тонна мұнай өндірісі өндірілсе, 2025 жылдың 10 айында 1 999,8 мың тонна мұнай өндірілді.

Өңдеуші өнеркәсіп саласында 87 544 млн. теңгеге өнімі өндіріліп, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 100,1%-ды құрады. Облыстағы үлесі 26,7% болып отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнімінің көлемі 15 546,9 млн. теңгені құрап, өнімнің нақты көлемінің индексі өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 100,1%-ды құрады. Облыстағы үлесі 7,3% болып отыр.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 290 287 млн. теңге болып, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 119,1%-ға артты. Облыстағы үлесі 48,1% болып отыр. Оның ішінде жеке инвестиция көлемі 184 503 млн. теңге, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 104,1%-ға артты.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 124 394 млн. теңге, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен салыстырғанда 112,4%-ға артты. Облыстағы үлесі 52,9% болып отыр.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 474 238 шаршы метрді құрап, өткен жылмен салыстырғанда 114,9%-ды құрады. Облыстағы үлесі 61,8% болып отыр.

Қала бюджетінің 2025 жылдың 1 қарашасына кірістер болжамы *трансферттер мен зайымдарды қоса есептегенде* 102 302,1 млн. теңгені құрап, 102 641,4 млн. теңгеге немесе 100,3% орындалды. Оның

ішінде өз кірістері болжанған 34 322,8 млн. теңгенің орнына 35 195,2 млн.теңгеге немесе 872,4 млн. теңгеге артығымен орындалды.

Қала бюджетінің шығыстар жоспары 108 623,5 млн. теңге болса, 108 062,4 млн. теңгеге немесе 99,5% игерілді.

Шағын кәсіпкерлік саласында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 36 274 бірлік болса, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары 34 689 бірлікті құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңіне 104,8% құрады.

Бөлшек сауда көлемі 393 985,2 млн. теңгені құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңінен 102,5%-ға артты. Облыстағы үлесі 86,5% болып отыр.

Жалпыұлттық бірыңғай жобалар пулы аясында Қызылорда қаласы бойынша жалпы құны 379,3 млрд. теңгені құрайтын 29 инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы жоспарлануда, оның бүгінгі күнге 15 жобасы іске қосылып, жұмыс жасауда.

2025 жылдың 1 қазанына алдын ала деректерге сәйкес халық саны 365,8 мың адамды құрап, өсу қарқыны 1,3%. Жұмыс күшінің саны 151,3 мың адам, жұмыссыздық деңгейі - 4,5%.

2025 жылдың 1 қарашаға тіркелген жұмыссыздардың жалпы саны 6 686 адамды құрап, тіркелген жұмыссыздық деңгейі 4,4 пайызды құрады.

Жыл басынан бері 10 411 жаңа жұмыс орны құрылды, оның 5 527-ы тұрақты жұмыс орны. 2 915 адам қоғамдық жұмысқа, 99 адам әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілді, жастар тәжірибесіне 1091 жас маман жолданды.

Қала бойынша 2025 жылғы III тоқсанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 382 883 теңге, өткен жылғы тиісті кезеңге 109,6 % артты, нақты жалақы индексі 98,9 % болып қалыптасты.

Тұтыну бағасының индексі қаңтар-қазан өткен жылғы тиісті кезеңге 110,2%. 2025 жылға жоспарланған инфляция деңгейі 10,0 – 11,0%.

ІСКЕ АСЫРЫЛУ САТЫСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР:

- «Akса Energy Qyzylorda» ЖШС-нің Қуаты 250 МВт ЖЭО салу жобасы. Құны 215 млрд. теңге.
- «Қызылорда НК Қурылыс» ЖШС-нің Сүт және сүт өнімдерін өндіретін цех салу жобасы. Құны 2 млрд. теңге.
- «Medal Holding CmbH» Көпфункционалды инновациялық Индустриалды паркі жобасы. Құны 53,9 млрд. теңге.
- «With You E&C Qyzylorda» ЖШС-нің қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу зауыты жобасы. Құны 9,5 млрд. теңге.
- «Комфорт 1К3» ЖШС-нің Шыңдалған шыны және табақша шыныны өндіру зауытын кеңейту жобасы. Құны 5,5 млрд. теңге.
- «Seven Rivers Technologies» ЖШС-нің «HORN® Glass технологиясымен шыны ыдыстар зауыты жобасы. Құны 31,3 млрд. теңге.
- «Нұрлы Тау» ЖШС-нің Кірпіш зауытының құрылысы жобасы. Құны 4,5 млрд. теңге.
- «Freedom Telecom Operations» ЖШС-нің қуаттылығы 1,2 МВт құрайтын күн электр станциясы. Құны 150 млн. теңге.
- «Марал Нұр» ЖШС-нің «Цифрлық депо» жолаушылар вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешенін салу жобасы. Құны 3,0 млрд. теңге.
- «Рем - Пласт Инвест» ЖШС-нің гофрлеу және картонның тегіс қабаты үшін қағаз өндірісі. Құны 559,2 млн. теңге.
- «Техоснастка Ремсервис» ЖШС-нің шағын өндірістік алаңы. Құны 526 млн. теңге.
- «Дезинфекция» ЖШС-нің қайталама шикізатты дайын өнімге қайта өңдеу жобасы. Құны 350 млн. теңге.
- «Qyzylorda Bitum» ЖШС-нің Қызылорда қаласында жол битумы және асфальт-бетон қоспаларын өндіру зауытының құрылыс жобасы. Құны 800 млн. теңге.
- «Altyn Gimarat» ЖШС-нің 150 номерлі 5 жұлдызды қонақ үй құрылысы. Құны 10,0 млрд. теңге.

ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН ЖОБАЛАР:

- ◆«Orda Glass LTD» ЖШС-нің «Энергия үнемдейтін шыны өндіру цехы». Құны 6,7 млрд. теңге.
- ◆«Искаков» жеке кәсіпкерлігінің «Сауда үйі құрылысы». Құны 500 млн.теңге.
- ◆«Araу Food» ЖШС-нің «Көкөніс сақтау қоймасының құрылысы». Құны 1,2 млрд.теңге.
- ◆«Көлік-құрылыс компаниясы» ЖШС-нің «металл конструкция өндірісі». Құны 300,0 млн. теңге.
- ◆«Accent Development Solutions» ЖШС-нің «Жаңа әуежай жолаушылар терминалының құрылысы». Құны 15,7 млрд. теңге.
- ◆«Technology Алем Ойл» ЖШС-нің «Жерасты паркингі бар автосалон мен АВТО шеберхана салу» жобасы. Құны 900 млн. теңге.
- ◆«Орда автодор» ЖШС-нің «Асфальт-бетон өндірісі» жобасы. Құны 1 млрд. теңге.
- ◆«Қызылорда Саз-М» ЖШС-нің заманауи кірпіш зауытының құрылысы. Құны 5 млрд. теңге.
- ◆«Orhup Medical» ЖШС-нің радиологиялық диагностика орталығы, құны 2,1 млрд.теңге.
- ◆«Қаржаубаева» жеке кәсіпкерлігі сауда үйінің құрылысы жобасы. Құны 700 млн. теңге.
- ◆«Панабек» ЖШС-нің орындықтар мен басқа отыратын жиһаздардан басқа кеңселер мен сауда кәсіпорындарына арналған жиһаз өндіріс кеңейту жобасы. Құны 200 млн.теңге.
- ◆«Қызылорда - Нан» ЖШС-нің «Нан-тоқаш, кондитерлік, макарондық өнімдер өндіру кешені». Құны 1,2 млрд. теңге.



«Техоснастка Ремсервис» ЖШС-нің Қызылорда қаласында көтерме-бөлшек саудасы бар мамандандырылған қоймасы жобасы. Құны 4,6 млрд. теңге.

«АйнаGlass» ЖШС-нің жоғары технологиялы айна шығару жобасы. Құны 1,5 млрд. теңге.

ЖК Тұмар – шағын өндірістік алаңы, құны 526 млн.теңге.



ҚОЛАЙСЫЗДЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДЫ ТАПСЫРДЫ

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен қала әкімдігінің жиыны өтіп, онда қаланың коммуналдық шаруашылығына қатысты бірқатар мәселелер талқыланды. Биылғы жылдың желтоқсан айының басы барлық өңірлерде күн райы құбылып, табиғат тосын мінез танытуда. Салдарынан қалың тұман түсіп, көктайғақ орын алуда. Біздің аймақта да күннің суытуына байланысты көлік қозғалысын ретке келтіру, жолаушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында шұғыл шаралар қабылдануда. Осы ретте шаһар басшысы болуы мүмкін көктайғақтың алдын алу, ауа райының қолайсыздығынан сақтық шараларын күшейту және жол-көлік оқиғаларын болдырмаудың амалын жасау бойынша қалалық полиция басқармасы мен коммуналдық мекемелердің басшыларына тапсырма берді. Жиын барысында коммуналдық сала қызметкерлері қала көшелері мен жолдарды ұдайы тазартып отыруы, сондай-ақ қала тұрғындарына ауыз су, газ, жарықтың үздіксіз берілуіне баса назар аудару керектігін айтты.

Бүгінде қалада жол құрылысы қарқынды жүруде. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, бұл бағыттағы жұмыстарға және құрылыстардың сапасына қатаң қадағалау жасалуда. Нұржан Сәбитұлы салаға жауапты басшыларға жол құрылыстарының мерзімінде, әрі сапалы орындалуы үшін бақылау шараларын күнделікті жүргізуді жүктеді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП - ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

Қызылорда қаласының тұрғындары мен жастар арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл шаралар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып, қоғамда заңға құрметті арттыруға, азаматтық жауапкершілікті нығайтуға бағытталған.

Үкіметтің «Заң және тәртіп» тұжырымдамасының маңызы мен негізгі басымдықтарын кеңінен түсіндіру – қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, жастар арасындағы құқықтық сауаттылықты арттыру және қауіпсіз орта қалыптастыру сынды маңызды бағыттарды қамтиды.

Биылғы жылдың желтоқсанның 9-ында қаладағы көпшілік көп баратын "ARAY CITY MALL" сауда ойын-сауық орталығында ерікті жастардың қатысуымен ақпараттық-түсіндіру акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында ақпараттық ұнпарақтар таратылып, тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қала тұрғындары бұл бастаманы қолдап, өз ортасында құқықтық мәдениетті дамытуға үлес қосатындықтарын айтты.

Қауіпсіз Қазақстан – әр азаматтың жауапкершілігі.

Заңға құрмет – тұрақтылықтың, тәртіп – қоғамның тыныштығының кепілі.



Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатов облыс әкімінің орынбасары Б.Жахановпен бірге жауапты сала басшыларын қатыстыра отырып, қалада салынып жатқан бірқатар құрылыс нысандарын аралап, құрылыс сапасын, жұмыс тәртібін көріп шықты.

Алдымен олар Сол жағалаудағы 9 қабатты 120 пәтерлік екі тұрғын үйдің құрылысын көрді. Жалпы ауданы 7011 шаршы метр болатын үйлерде бір бөлмелі 18, екі бөлмелі 66, үш бөлмелі 36 пәтер бар.

Одан кейін дене шынықтыру-сауықтыру кешені болды. Құрылысына 2,9 млрд. теңге қаралған нысан «Қазақстан халқының» қорының қолдауымен салынуда. Онда бір мезетте 131 спортшы жаттыға алады. Бірінші қабатта волейбол, екінші қабатта күрес және басқа да залдар орналасады.

Әрі қарай Титов мөлтек ауданындағы әлеуметтік осал топтағы азаматтар үшін бой көтерген 5 қабатты 135 пәтерлік тұрғын үйдің

құрылыс алаңына барды. Жаңа тұрғын үйде 35 бір бөлмелі, 80 екі бөлмелі, 20 үш бөлмелі пәтер бар.

Құрылыс нысандарындағы жұмыс барысын бақылау «Достық үйінің» жаңа ғимаратында жалғасты. Нысан жақын арада пайдалануға беріледі. Бейбарыс сұлтан көшесіндегі саулетті ғимараттар қатарын толықтырған нысанның сырты күннен қорғайтын сәндік панельдермен қапталған. Екінші және үшінші қабаттарда кеңселер, сондай-ақ холл, фойе, ресепшн, гардероб, 200 орындық үлкен зал, 60 орындық кофейня орналасады. Конференц-зал заманауи техникалармен жабдықталады.

Цокольді қабатта би студиясы, музыка және вокал кабинеттері, клуб, қоймалар, архив және қосалқы бөлмелер қарастырылған. Бүгінде ішкі әрлеу және дизайнерлік безендіру, сондай-ақ сыртқы абаттандыру жүргізілуде. Жұмыстың 95%-ы біткен. Құрылыс алаңында 7 техника және 135 жұмысшы еңбек етуде.

АХАТОВ АРАЛАП ЖҮР

Ал Президент саябағында бас мердігер «Bi Global» ЖШС ауқымды абаттандыру жобасын жүзеге асыруда. Саябаққа 3 аллея, 6 субұрқақ, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңын, 4 спорт және 4 workout, 7 демалыс аймағын, 4 фудкорт, теннис үстелдерін, биіктігі 50 метр болатын айналмалы дөңгелек аттракцион, би алаңын, стритбол, вело және жүгіру жолақтарын, сахна, сарқырама каналдары мен көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдарын, арқан саябағы

мен модульдік санитарлық нысандар салуды жоспарлаған. Мұнда жыл он екі ай жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бақ) бой көтеріп келеді. Бас мердігер Alem Qurylus AQ ЖШС жобаға сәйкес спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, тұрғын корпусстар, қонақ үй үлгісіндегі шағын ғимараттар, дәстүрлі киіз үйлер, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы және сахна салады.

Қала әкімінің құрылыс нысандарын аралаудағы айтқан ескертпелері, көзге көрінген кемшіліктер құрылысшылар тарапынан ретке келтіріледі.



NEET САНАТЫНДАҒЫ

Қызылорда қаласы әкімінің орын-басары Ділмұхамед Абизовтың төрағалығымен қала әкімі жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Жиында 3 негізгі мәселе қаралды.

Жастар мен жасөспірімдерді есірткі бизнесінен оқшаулау, тұтыну мен таратудың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар туралы Қызылорда ҚІПБ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция капитаны Асылхан Абилақбаров хабарлама жасады. Баяндамасында қала аумағында жүргізіліп жатқан профилактикалық іс-шаралар, рейдтер мен заңсыз айналыммен күрес шаралары бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті.

NEET санатындағы және маргинал жастармен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Мәдет Жорабек баяндама жасады. Ол NEET санатындағы жастардың үлесін төмендету бағытында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берді.

Ал, Белкөл кентінің әкімі Жасұлан Сәду ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізу, спорттық және мәдени инфрақұрылымды дамыту, жастардың белсенділігін арттыру бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Кеңес барысында келелі пікірталасу болды. Жастар мәселесіне қоғамның бей-жай қарамайтыны анық. Жастарға қолайлы жағдай жасау, олардың бос уақытын тиімді өткізу бағытында қалада бірқатар игі шаралар атқарылуда. Көп қабатты үйлер ауласынан әралуан жас деңгейіндегі жастар үшін ойын-спорт алаңдары жаңаруда. Мәлтек аудандарда, елді мекендерде спорт кешендері, мәдениет ошақтары салынууда. Қалада жастарға арналған әр-алуан оқу орталықтары, демалыс орындары, спорт, өнер үйірмелері жетерлік.

Кеңес соңында кеңеске төрағалық етуші қала әкімінің орынбасары Д.Абизов сөз сөйлеп, облыс әкімі аймақтағы NEET санатындағы және маргинал жастармен жұмыс жасау бойынша жол картасының уақытылы орындалуын қатаң бақылауға алу керектігін тапсырғанын айтып, кеңесті қорытты.

Кеңес қорытындысымен есірткі қылмысына қарсы профилактикалық шараларды күшейту, оның ішінде жастар көп шоғырланатын орындарда, мәселен оқу орындары, тұрғылықты кварталдар, ойын-сауық нысандарында жүйелі рейдтер мен түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілетін болсын, есірткі қылмысына қарсы Қалалық жастар ресурстық орталығымен бірлескен виде-орроликтер әзірлеп, әлеуметтік желілерде кеңінен таратылсын, NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіру бойынша көшпелі кеңес шаралары күшейтілсін; облыстық және қалалық NEET санатындағы және маргинал жастармен жұмыс жасау Жол картасының мерзімінде орындалуына бақылау орнатылсын;

NEET санатындағы жастар тізіміне сәйкес әдрестік аралау жұмыстарын жалғастырсын.

Барлық кент және ауылдық округ әкімдеріне ауыл жастарының әлеуетін көтеру мақсатында Қалалық жастар ресурстық орталығымен бірлескен шаралар ұйымдастыру жұмыстары күшейтілсін деп қарар қабылданды.

Қызылорда қалалық жастар ресурстық орталығының директоры М.ЖОРАБЕК:

БІРДЕ-БІР ЖАС ҚОҒАМНАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Статистикалық мәліметке сәйкес Қызылорда қаласында биылғы жылы 362 мың 279 халық тұратын болса,оның 103 мың 102-і 14 пен 34 жас аралығындағы жастар. Бұл қала халқының 28,5 пайызын құрайды.

Қаладағы мемлекеттік жастар саясатын дамытуға 2025 жылы19 млн. 381 мың теңге қаржы қаралып, бөлінген қаржыға 8 әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда.

Атап айтар болсақ, “жұмысшы мамандықтарды насихаттау”; “ауыл жастарына қолдау көрсету және әлеуметтендіруді жүзеге асыру”; “Жастар орталығы, жастар үшін мүмкіндік алаңы”; “жастар арасында патриоттық сананы қалыптастыру және отбасы құндылықтарын насихаттау”; “NEET санатындағы және қылмысқа бейім жастарды әлеуметтендіру”; “Волонтерлік және қоғамға пайдалы жастар”; “Qyzylorda youth Fest” жастар күнін атап өтуге бағытталған мәдени көпшілік іс-шаралар”; “Qosyl Premya жылдың қорытынды кеші” әлеуметтік қызметтері өз деңгейінде атқарылуда.

Ең алдымен жастар саясатының күрделі тұсы – NEET санатындағы жастардың үлесін төмендету бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды.

Мысалы жыл басында «NEET» санатындағы жастар саны 2331 болса, отбасылық цифрлық картасының соңғы ақпаратына сәйкес қазір1217 жасты құрады.

Жастар орталығы мен кент және ауылдық округтер әкімі аппаратының мамандарымен 462 жасқа әдрестік жұмыстар жүргізіліп, мәртебесі анықталды.

Талдап айтар болсақ, 39 жас көрсетілген әдресте тұрмайды; 34жастыңкөрсетілген әдресі дұрыс емес, немесе картада белгіленбеген; 5-уі саудамен айналысады; 2-уі мал шаруашылығында; 270 жас есігін аспағандар; ал 3 көрсетілген әдресте мекеме орналасқан. Әлгі жастардың 5-уі ақпарат беруден бас тартқан; 32-сі көшіп кеткен; 19-ы студент екен; 36-сы жұмыссыз; 16-сының тұрақты жұмысы бар болса, 6-уы басқа қалада, 10-ы Қызылордада жұмыс істейді, 1-уі бала күтімінде.

Осылайша қалалық жастар ресурстық орталығы мамандары қаладағы NEET санатындағы жастардың үйлеріне барып, осындай әдрестік жұмыстарды жүргізудеміз.

Жұмыссыз жастар үшін «Мансап» орталығымен бірлескен 8 мәрте «Мүмкіндіктер алаңы» бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі, 4 мәрте «Көшпелі кеңес» өткізіліп, NEET санаттағы азаматтарды телефон байланысы арқылы шақыру ұйымдастырылды. Аталмыш бағыттағы жұмыстар ай сайын тұрақты өтіп тұр.

Қазіргі таңда Қызылорда қаласы бойынша – 10 283 азамат NEET санатындағы және маргинал жастар тізбесі мәртебесіне жатқызылған. Оның 1549 қалаға қарасты ауылдық округтер мен кенттерге тиесілі болса, 261 азамат басқа қалалар мен аудандарда тіркелген.

NEET санатындағы және маргинал жастарды әлеуметтендіру бойынша кешенді шаралар

қабылдау, яғни жұмыспен қамту, қайта оқыту курстарынан өткізу, кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету мақсатында жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты жұмыс жасалуда.

Жастардың бірінші кезекте әлеуметтік картасын әзірлеу, қажеттіліктерін анықтау мақсатында бүгінгі күні жастар орталығының мамандары тұрақты әдрестік жұмыстар ұйымдастыруда. Қазіргі таңда 30 мәлтек ауданнан 4030 азаматқа әдрестік жұмыс жүргізілді. Ішінара мекен-жайда тұрмайтын, студент, ерекше азаматтар кездесуде.

Қызылорда қаласы бойынша берілген 10 283 азаматтың тізіміндегі топтық район мүшелерінің келесі топшалары анықталды:

«Белкөл» 7 адам, «Гагарин» 8 адам, «Новый базар» 12 адам, «Микрорайон» 6 адам, «Тасбөгет» 8 адам, «Коммунизм» 8 адам, «Чечено-ингушская» диаспора 13 адам, «Чимбай» 7 адам, «Центр» 8

NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖӨНЕ МАРГИНАЛ ЖАСТАР ТІЗБЕСІ

№	Мекен-жайлары	Саны
1.	Тасбөгет кенті	718
2.	Ақжарма ауылдық округі	46
3.	Талсуат ауылдық округі	39
4.	Қызылөзек ауылдық округі	53
5.	Қосшыңырау ауылдық округі	57
6.	Қазылжарма ауылдық округі	268
7.	Қарауылтөбе ауылдық округі	44
8.	Ақсуат ауылдық округі	191
9.	Белкөл кенті	133
10.	Басқа аудан	104
11.	Басқа қала	157
Барлығы		1810

адам, «Гоголь» 7 адам, «Титов» 8 адам, «Западские» 5 адам, «Арайские» 4 адам. Қала аумағындағы маргинал топ мүшелерінің жалпы саны 101-ді құрайды. Құқық қорғау органдарымен бірлесіп, тізімдегі маргиналдық топ мүшелері бақылауға алынды.

Тізімге сәйкес сәйкестендіру және анықтау барысында қала бойынша NEET санатындағы 21 жас анықталды.Пробация есебіндегі жастар жыл бойы ұйымдастырылған бос орындары жәрмеңкесіне шақырылып, жұмыс орындары ұсынылды. Сонымен қатар тізімдегі жастар мәдени көпшілік шараларға тартылуда.

Тізімдегі жастар қатарынан әскер жасындағы жастардың мерзімді әскери қызметке шақырылуы мен жіберілуін қатаң бақылауға алынып, тізімге сәйкес 718 жас бойынша нақты ақпараттар жинақталып, соның ішінде әскерде борышын өтеп жатқан 8 жас анықталды. Әскери борышын өтемеген жастарға мерзімді әскери қызметтің маңыздылығы

түсіндірілуде. Сонымен қатар әскерден кейінгі жеңілдіктер: оқу гранттары, жұмысқа орналасу бойынша мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Денсаулық жағдайы бойынша жұмыс істемейтін жастар мен алкоголь және есірткіге тәуелділіктен, созылмалы аурулардан зардап шегетін, жарақат алған және тиісті оңалтудан өтіп жүрген жастарды анықтау бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасы есебінде тұрған 545 азаматтың тізімімен талдау жұмыстары ұйымдастырылып, NEET санатындағы 25 жас анықталды.

Жұмысқа жарамды мүгедектігі бар жастарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тарту бойынша мүгедектігі бар жастардың тізімі қалыптастырылды. Тізімге сәйкес ниет білдіруші жастарды Мансап орталығымен бірлесіп ұйымдастырылатын «Мүмкіндіктер алаңы» бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне арнайы телефон арқылы шақырту жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар «NEET санатындағы және қылмысқа бейім жастарды әлеуметтендіру» әлеуметтік қызметі жұмыс жасауда. Жоба аясында жұмыссыз жастарға арналған жұмыс орындарына экскурсиялар, оқытуларментринингтермемлекеттік бағдарламалар бойынша ақпараттық жұмыстар ұйымдастырылуда. Жұмыссыз және базар жастары арасында кіші футболдан турнирлер бастау алды. Мәселен қараша айында қылмысқа бейім, маргинал санатындағы және пробация есебіндегі жастарды қатыстыра отырып «Жастар.Тәртіп.Құндылық» тақырыбында кездесу өткізілді. Аталмыш жиынға қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абизов, қала прокурорының орынбасары Сая Темірбекова және жастар арасында кеңінен танылған «105» телехикаясының актерлары Аслан Бектенов пен Шоқан Чупанбаев қатысты.

Жастар мамандарының біліктілігін арттыру бағытында «Жастар мамандарын оқыту» семинар-тренинг ұйымдастырылды. Аталмыш тренинг аясында барлық деңгейдегі жастар орталықтарының мамандары және қалаға қарасты ауылдық округтер мен кент жастар мамандары тартылды. Бірінші кезекте мамандардың біліктілігін арттыру және «Жастар сұранысын табу, бастамашыл топтарға ресурстар ұсыну», «NEET санатты жастармен жұмыс істеудің түрлі тәсілдері мен әдістемелерімен танысу» модульдері негізінде өткізілді.

Желтоқсан айының алғашқы онкүндігінде өткізілген жұмыссыз жастар үшін арнайы дағдылар беру мақсатындағы «Мобилиография», «СММ» секілді оқыту курстары да жастар үшін үлкен мүмкіндік.

Келесі кезекте жыл соңына дейін 60%-ын, яғни 6000-нан астам азаматты өзектендіру жоспарлануда. Толық 2026 жылдың наурыз айында аяқтайтын боламыз.

Анықталған жастардың барлық топтары бойынша әлеуметтендіру, жұмысқа орналастыру, дұрыс және жағымды орталар қалыптастыру бойынша әлеуметтік қызметтер мен мемлекеттік бағдарламалардың барлық әлеуетін іске қосатын боламыз.

РЕЙДТІК БАҚЫЛАУ – ТАЗАЛЫҚ КЕПІЛІ

Қала тазалығын сақтаумен қатар қаладағы ғимараттардың, нысандардың да сыртқы келбетін қалыпқа келтіру бағытында тиісті орындар тарапынан тұрақты бақылау жүргізілуде.

Бақылаудың ең тиімді түрі – рейдтік іс-шаралар. Қала сәулетіне, құрылысына, тазалығына қатысы бар мамандардан құралған рейдтік топтардың нәтижелі жұмысының арқасында біраз көшелер, үй жаны, қоқыс алаңдары тазарып, көптеген ғимараттардың кескін-келбеті әдемі қалыпқа түсіп келеді.

Рейдтік топ тағы да кезекті рейд жүргізді.

Тексеру барысында нысандар маңына қоқыс тастау сияқты тәртіп бұзушылықтар анықталып, ескертулер берілді және хаттамалар толтырылды.

Рейд барысында «Шишка» кафесі, «Бумер Kiver Club», бірнеше асхана аумақтары мен «Blade Barbershop» нысандары қаралды. Нысан иелеріне ғимараттардың сыртқы бейнесі қала көркіне әсер ететіні түсіндіріліп, аумақты таза ұстау талабын сақтауы ескертілді.

Қала келбетін сақтау бағытындағы бақылау шаралары әрі қарай жалғаса береді.



Рейдтік топтардың қалалық жастар ресурстық орталығына және қалалық жастар ресурстық орталығына баруы.

ЖАСТАР КӨП ПЕ?

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының Есірткі қылмысына қарсы іс қимыл бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция капитаны А.АБИЛАКБАРОВ:

ТӘУЛІК БОЙЫ ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ЖҮРУДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың былтырғы халыққа Жолдауында қоғамның маңызды бір міндеті есірткі саудасына және нашақорлыққа қарсы күресу екендігі кеңінен айтылды. Осы ретте Мемлекет басшысымен «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында алға қойған міндеттердің сапалы орындалуына, елімізде заң үстемділігі мен әділдікті сақтауда нақты нәтижелерге қол жеткізуге барлық шаралар қабылдануда.

Полицияға белгіленген міндеттерді орындау мақсатында Үкіметтің «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» қаулысы негізінде департамент облыстық әкімдікпен, басқа да құқық қорғау органдарымен бірлесіп бірқатар профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруда.

26 маусым — Халықаралық нашақорлық пен есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күніне орай «Есірткіге қарсы» айлығы аясында жасөспірімдер мен жастардың арасында есірткі заттардың таралуы мен қолданылуына теріс көзқарасын қалыптастыру мақсатында қала көлеміндегі білім беру ұйымдарында 89 іс-шара ұйымдастырылды.

«*Берік отбасы – есірткіден алыс!*», «*Есірткісіз болашақ!*», «*Туризм есірткіге қарсы!*», «*Спид-кубинтен*», «*Капстекин» спорттық іс-шаралар сайысы, «Есірткіге жол жоқ!*», «*Біз есірткіге қарсымыз! Бізбен бірге бол!*», «*Жас репортёр шығармашылық жұмыстар сайысы, «Мен өмірді таңдаймын»* тақырыбында сурет салу сайысы, «Есірткіге қарсы төсбелгінің макетін өзірлеу» сайысы, «Есірткі – зұлым!», «Қызылорда есірткіге қарсы» атты чөлленд, «Жастар есірткіге қарсы!» *челлендін спорттық би түрінен байқау, «Ата-аналардың міндеттері балаларды тәрбиелеу»* тақырыбында ата-аналар жиналысы, есірткіге қарсы бейнероликтер байқауы, есірткіге қарсы үгіт бригадалар сайысы өткізілген іс-шаралардың бірқатары.

Сонымен қатар Басқарманың есірткі құқық бұзушылығының профилактикасы жөніндегі кеңес құрамы белгіленіп, Кеңестің мақсаттары мен міндеттері айқындалып, жоспары бекітілді.

Кеңес құрамына мәслихат депутаты, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Аманат» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» Жастар қанаты филиалы, жастар ресурстық орталығы, облыстық психикалық денсаулық орталығы, «Қызылорда еріктілер» қоғамдық қоры, Қорқыт Ата, Болашақ университеттерінің өкілдері және Ішкі істер органдарының құрметті қызметкері мен ардагерлері, тағы да басқа зиялы қауым өкілдері сайланып, кеңес мүшелерімен бірлесіп нашақорлықтың, есірткі қылмысының алдын алу, заңға бағынатын мінез-құлық пен салауатты өмір салтын насихаттау қарқынды жүргізілуде.

Жыл басынан бастап есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл саласымен 140 құқық бұзушылық, оның ішінде 45 қылмыс, 95 теріс қылмыс анықталды.

Атап айтқанда есірткі өсіру 17,6%-ға жоғарыласа, есірткі өткізудің 20 дерегі, есірткі жарнамалаудың 3 дерегі, есірткіні тұтынуға көндіру, есірткіні аса ірі мөлшерде сақтау, есірткіге масаң күйде автокөлік басқару анықталған.

Есірткінің заңсыз айналымынан 202 килограмм 622 грамм есірткі, оның ішінде 147 килограмм 445 грамм сора өсімдігі, 53 килограмм 933 грамм марихуана, 432 грамм гашиш, 806 грамм синтетикалық есірткі заты тәркіленді.

Үй жағдайында сора өсімдігін өсірген 3 фито-зертхана анықталды.

Жүргізілген жедел-ізвестіру шараларының нәтижесінде «меф» және «а-RVP» синтетикалық есірткі затын аса ірі мөлшерде тасымалдаған оқиға тіркелді.

Одан бөлек, Ішкі істер министрлігінің нұсқауымен ағымдағы жылдың 1-маусым 31-қазан аралығында республика көлемінде «Қарасора-2025» арнайы жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Мобильді бекеттерде қызметтік ізвестіру иттерінің көмегімен есірткіге қатысты теріс қылықтардың 20 дерегі анықталды.

Қазіргі уақытта республикамызда әлеуметтік желілер арқылы синтетикалық есірткі затын өткізу белең алуда.

Биылғы жылдың тамыз айында Мемлекет басшысы Қауіпсіздік кеңес отырысында нашақорлыққа қатысты статистикалық мәліметтерді жинау мен өңдеу бағытындағы ақпараттық-сараптамалық жұмысты жетілдіру, сондай-ақ химиялық заттардың таралуын қадағалау мәселелерін тағы бір маңызды міндет деп санайтындығын және нашақорлықтың алдын алу шараларын күшейтуді, әсіресе, білім беру мен ақпарат саласында кеңінен жұмыс жүргізуді, мемлекеттік саясаттың нашақорларға кеңшілік танытып, ал есірткі саудасына келгенде қатаң және мүлде төзбеушілік ұстанымда болуға тиіс екенін тапсырды.

Жыл басынан республика көлемінде 3 мәрте «Дәрмек» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты есірткінің заңды айналымымен байланысты құқық бұзушылықтарды анықтау, оның ішінде психотроп пайдаланатын денсаулық сақтау мекемелері, прекурсор пайдаланатын өндірістік мекемелер және дәрі-дәрмектерді дәріхана, қоймалардың сақтап, жіберу заңдылығына тексеру жүргізу болып табылады.

Есірткіні заңсыз жарнамалау деректеріне қатысты прокуратура органдарымен бірлесіп қылмыстық істер шеңберінде екінші деңгейлі банктермен 1100 есепшот бойынша жалпы сомасы 90 миллион теңге бұғаттауға қойылып, қолма-қол ақшаны бақылау шотына сақтау жүргізуге тергеу сотымен 12 миллион теңгені алу қанағаттандырылды.

“Кибернадзор” ақпараттық жүйесіне синтетикалық есірткіні жарнамалайтын 1500 сайт енгізіліп, бұғатталды.

Жеке құрам тәулік бойы есірткімен күрес жұмыстарын жүргізуде. Прокуратура органдарының қызметкерлері мен «Аманат» партиясының өкілдерімен бірлесіп есірткі жарнамасы бар Қызылорда қаласында 100 граффити-жазулары жойылып, нәтижесінде оларды салу деректері азайды.

Қала аумағында орналасқан көп қабатты үйлердің қабырғаларына синтетикалық есірткі заттарын заңсыз жарнамалау дерегі бойынша граффити жазуларын жарнамалап жүрген қала тұрғыны құрықталып, Қызылорда қалалық Полиция басқармасының Уақытша ұстау абақтысына қамалып, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 299-1 бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.

Есірткі қай заманда да қауіпті: Адам денсаулығына, адам өміріне қауіптілігі зиян болса, қоғамға да соншалықты қауіпті.

Мемлекетіміздің негізгі тірегінің жастар екені күмәнсіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та әр кез жас буынды назардан тыс қалдырмайды.

Жастар – ұлт үмітін арқалаған ел ертеңі. Үміт пен сенімді ақтау – сол буынның парызы. Сол себептен де жастар қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екені мәлім. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен модернизациялануы, жалпы бүгінгі мен ертеңі де жастарға байланысты. Жастар қай заманда, қай елде болмасын, асқақ арман мен үміт, биік ар мен өр намыстың үлгісі болған.

Кентімізде 2025 жыл бойынша 986 жас тіркеліп отыр. Белкөл кенті мен Бірқазан елді мекені бойынша жастардың 151-і студенттер. Жұмыспен қамтылған жастар саны 793, оның ішінде өз-өзін жұмыспен қамтығандар 29. Мүгедек жастар саны 10 адам, олардың 3-і жұмысқа жарамсыз.



Белкөл кентінің әкімі Ж.СӘДУ:

ЖАСТАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫ БОСҚА ӨТПЕУІ КЕРЕК

Кенттің жұмыссыз жастары арасынан «Мансап» орталығы арқылы «Жастар тәжірибесі» бойынша 3 жас маман тәжірибеден өтуде.

Белкөл кентінде NEET санатындағы жастар үлесін азайту мақсатында әлеуметтік қолдау шаралары, білім алуға жағдай жасау және жұмыспен қамту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі таңда кент бойынша NEET санатындағы жастар саны 39 адам. Оның ішінде 6 жас оқу орнына тартылып, NEET санатынан шығарылды; 3 жас тұрақты жұмысқа орналастырылды. Бірқатар жастар маусымдық жұмыспен қамтылды; 1 жас ана ерекше бала күтімінде.

Жүргізілген шаралар NEET санатындағы жастардың еңбек нарығына бейімделуіне, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға және өздігінен жұмыспен қамтылуына оң ықпал етуде.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде жұмыспен қамтудың белсенді шараларына барлығы 6 жас тартылды.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында 4 жас кәсіпкер мемлекеттік жеңілдетілген несие алып, өз бизнесін ашты.

Атап айтар болсақ, *Алдашова Аяулым жүк көлік тасымалымен, Айдарбекқызы Нұрлызада жартылай фабрикалар өндірісімен, Бауыржанқызы Назәуіл шұжық өндірісімен, Жұмағұлда Әміржан жартылай фабрикалар өндірісімен айналысуда*. Сонымен қатар 400 АӘК мөлшеріндегі грант бойынша атаулы әлеуметтік көмек алушы 2 жас ана «Бизнес бастау» оқу курсы аяқтап, грант жеңімпазы атанды. *Жартылай фабрикалар өндірісін Шакетова Айдана, Есельбек Саняя ұлттық қолөнер өндірісін ашты*.

Жастарымыздың бүгінгі таңдағы өміріне қатысты ең маңызды мәселе бұл олардың бос уақыттарын дұрыс пайдалана білуі болып отыр. Бос уақытты өткізуге байланысты салауатты өмірге тәрбиелеу – тұлғаны қалыптастырудың басты қағидалық принциптерінің бірі. Бос уақыттың қаншалықты қызықты өтуі өнер үйренуге, шығармашылық мазмұндағы ізденіске, дене тәрбиесін жетілдіруге бағытталса, сонымен бірге рухани баюға да мұрындық болады.

Белкөл кентіндегі жастардың бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін бұқаралық спортпен қамту мәселесі де алға қойылған. Бұл бағытта кентте 3 спорттық жаттығу және Бірқазан елді мекенінде 1 футбол алаңы бар. «Белкөл» спорт кешенінде кентіміздің 300-ге жуық жастары спорттың футбол, каратэ, бокс, джи-джитсу, еркін күрес, шахмат, үстел

теннисі түрлеріне машықтанып, түрлі халықаралық дәрежедегі жарыстардың биік тұғырларынан көрініп келеді. Белкөл кенті жастары арасынан құрылған футбол командасы облыс көлеміндегі турнирлердің жеңімпазы атануда.

Белкөл кенті клубының жанынан жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында 7 үйірме жұмыс жасап, 103 жас көркемөнерпаздармен қамтылған. Түрлі деңгейдегі халықаралық, республикалық, облыстық байқауларға қатысып кентіміздің мәдениет саласының өсуіне өз үлестерін қосуда. Биылдың өзінде 11 айдың қортындысымен 4 халықаралық, 3 республикалық, 2 қалалық байқауға қатысып жүлделі орындарға ие болды, 5 қыркүйек - Тілдер мерекесіне және қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе!» атты облыстық жас ақындар мүшайрасы өтті.

Жыл көлемінде клуб жанынан құрылған үйірме мүшелері №1 арнаулы қызмет көрсету, қалалық жұмыстары ұйымдастырылуда. Кенттегі діни оқу орталығында 14 жас діни сауатын ашуда.

Белкөл кентіндегі №189 орта мектебінде Қызылорда ҚПБ қызметкерлерінің қатысуымен «ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ» «НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ» тақырыбында 5 кездесу өтті. Кент жастарына құқық бұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау бағытында құқықтық түсіндіру, әдістемелік көмек беру, ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі есірткі қылмысын алдын алу, есірткі таратуды азайту және граффити арқылы есірткі қылмысын жарнамалауды анықтау мақсатында өзінің әкімшілік аумағындағы тұрғын үйлердің аулаларын аралау жұмыстарын жүргізді. Мақсаты кенттегі жастарға есірткі заттарын тарату, жарнамалау, тұтынудың қылмыстық жауапкершілігі туралы тұрғындарға түсіндіруде.

Қорыта айтқанда, жастар саясатын іске асырудағы қабылданып жатқан шаралар жас буынды қолдау ісін ілгерілетіп қана қоймай, алдағы уақытта жас ұрпақты қолдау, көтермелеу тұрғысындағы игі қадамдарға кеңінен жол ашатынына сеніміміз мол.

САЯЖАЙЛАР мен ШЕТ АЙМАҚТАР ЖОЛЫ ЖАҚСАРАДЫ

Көбіне қала орталығын айтып жатамыз. Бұл шет аймақтар шет қалып жатыр деген сөз емес. Ол жақта да қыруар шаруа атқарылуда.

Бүгінде Қызылорда қаласының КБИ, Шанхай, Коммунизм аудандарында да көшелер асфальтталып, жарық орнатылып, әжептәуір жақсарып қалды. Соның да әсері болар қазір шағын бизнес өркендеп келеді.

Саяжай мәселесі қала үшін күрмеуі қиын мәселе. Себебі де белгілі. Өйткені қазір қала маңындағы саяжайларға халық қысы-жазы тұрғылықты қоныстанған. Қала аумағына елді мекен ретінде кірмейтіндіктен де оларға газ, су, жарық апару, жол салу қала билігі үшін оңай емес.

Дегенмен қала іргесіндегі саяжайларда тұрып жатқан тұрғындар өтінішіне орай қажетті жұмыстар атқарылып келеді. Оның нақты дәлелі, «Эдельвейс» «Орбита» және «Еңбек» саяжайларының көшелеріне қиыршақ тас төселуде. Қазір аталған саяжайлардың 15-тен астам көшесі жақсарып қалды.

Ал, шет аймақтағы «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы 4 көшеге қиыршақ тас төсеу жұмыстары аяқталып, тұрғындар игілігін көруде. Алдағы уақытта бұл көшелерге асфальт жабындысы төселетін болады.

«БҰЛАНҒА» ТҰРҒЫНДАР БАЗЫНАСЫ БАСЫЛАР ЕМЕС...



Кәсіптің үлкені – сауда. Сауданың алаңы – базар. Қай кездегідей төрт түлік мал – сатсаң киім, тамақ, баланың оқу ақысы дегендей тізбектеліп кете барады. Бір жақсысы базар күні мал базары малға толы. Алушы да, сатушы да жетерлік.

Өкініштісі, базарға барған адамды айтпағанда малға да қойлайы жағдай жоқ. Жаздың күні шаң, ыстықтан көлеңке болар, желден, қардан ықтасын болар жабынды, сая болар ағаш жоқ, жаңбырлы, қарлы күндері балшық. Тізе бүгіп отыратын орын да қарастырылмаған. Мәселенің бұл бір жағы болса, екіншіден мал базары орналасқан КБИ

мөлтек ауданы тұрғындарына да қиын. Қолқа қабатын мал қиының иісі, қарбаласқан көлік қорғалысы, тағы да басқа қолайсыз жағдайлар адам денсаулығына, өміріне қауіп екені анық. Содан да осы мөлтек аудан тұрғындары қала әкімімен кездескенде ылғы да мал базарын санитарлық талапқа келтіру, немесе көшіру бағытында ұсыныстар айтып жатады.

Расымен де мал базары ветеринариялық-санитариялық нормаларға сай емес.

Оның үстіне әлгі айтқандай тұрғындар базардың жеке тұрғын үйлермен жапсарлас

орналасқанына, төрт түлік тиеген жүк көліктерінің тыныштықты жиі бұзатынына, мұнымен қоса көлік кептелісінің орын алуына көп реніш білдіреді.

Сондықтан мал базарын қаланың шетіне көшіру туралы тұрғындардың талап-ұсынысы бірнеше мәрте жасалған. Осы жағдай бойынша жұмысшы топ тағы да арнайы барып, «Бұлан» мал базарының әкімшілігімен кездесті.

Мәселені егжей-тегжейлі бағамданған топ өкілдері кәсіп мәдениетін қалыптастыру қажеттігін алға тартып, нысан иесіне талаптарға сәйкес жұмыс жасауды түсіндірген.

ХАБАРЛАМА!

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаске-сінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақ-тың сапалық сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет балы	Өңірдің ауылшаруа-шылығына мамандануы	Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалағаш ауданы, Жаналария ауылдық округі аумағы	500	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	жеңіл саздақты	Жайылымы 404 га, басқа алқаптары 96 га	15	Мал шаруашылығы	Бар
2	Жалағаш ауданы, Жанаталап ауылдық округі аумағы	47	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл сазды	Жайылымы 40 га, басқа алқаптары 7 га	2	Мал шаруашылығы	Бар
3	Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылдық округі аумағы	200	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Құмдар	Жайылымы 162 га, басқа алқаптары 38 га	1	Мал шаруашылығы	Жок
4	Жалағаш ауданы, Мақпалкөл ауылдық округі, «Солтүстік коллектордың» оңтүстік беті	131	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл саздақты	Жайылымы 106 га, басқа алқаптары 25 га	2	Мал шаруашылығы	Бар
5	Жалағаш ауданы, Таң ауылдық округі, №7 ауыспалы егіс жүйесінің солтүстік беті	53	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл сазды	Жайылымы 43 га, басқа алқаптары 10 га	5	Мал шаруашылығы	Бар
6	Жалағаш ауданы, Таң ауылдық округі, №7 ауыспалы егіс жүйесінің солтүстік-шығыс беті	50	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 (он) жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы	Жеңіл саздақты	Жайылымы 40 га, басқа алқаптары 10 га	6	Мал шаруашылығы	Бар

Конкурс Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2026 жылғы «12» қаңтар сағат 9⁰⁰ - ден бастап 2026 жылғы «30» қаңтар сағат 19⁰⁰ - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізу Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Өйтеке би көшесі №12 мекен-жайындағы Жалағаш ауданы әкімдігінің мәжіліс залында 2026 жылғы «31» қаңтар күні сағат 11⁰⁰ - де басталады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді;

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Ақшаваруашылықты жүргізу үшін жер учаскесін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды

көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықишілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады.

Өтінім беруші конкурстық ұсыныста ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2026 жылғы 31 қаңтар сағат 11⁰⁰ - ге дейін ашуға болмайды» деген сөздер жазылады.

Конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің орналасу сызбасын Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайда орналасқан «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен көруге болатындығын хабарлаймыз. Байланыс телефоны: 8(72431) 31-8-70.

ИЗВЕЩЕНИЕ!

Перечень земельных участков, выставленных на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по Жалағашскому району, Кызылординской области

№	Расположение земельного участка	Площадь земельного участка, гектар	Целевое назначение земельного участка	Право землепользования	Качественная характеристика почв	Состав угодий	Балл бонитета	Сельско-хозяйственная специализация региона	Возможность обеспе-чения водой
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Жалағашский район, Территория сельского округа жанадария	500	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-суглинистая	Пастбища 404 га, прочие угодья 96 га	15	Животноводства	Есть
2	Жалағашский район, территория сельского округа Жанаталап	47	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	средне-глинистая	Пастбища 40 га, прочие угодья 7 га	2	Животноводство	Есть
3	Жалағашский район, территория сельского округа Каракеткен	200	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Пески	Пастбища 162 га, прочие угодья 38 га	1	Животноводство	Нет
4	Жалағашский район, Макпалкольский сельский округ, южная сторона «Северного коллектора»	131	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Легко-суглинистая	Пастбища 106 га, прочие угодья 25 га	2	Животноводство	Есть
5	Жалағашский район, сельский округ Тан, северная сторона севооборота №7	53	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Легко-глинистая	Пастбища 43 га, прочие угодья 10 га	5	Животноводство	Есть
6	Жалағашский район, сельский округ Тан, северо-восточная сторона севооборота №7	50	Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства	Право временного возмездного землепользования (аренды) сроком на 10 (десять) лет	Легко-суглинистая	Пастбища 40 га, прочие угодья 10 га	6	Животноводство	Есть

Конкурс проводится в соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан и приказом заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 «об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства».

Прием заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства осуществляется в коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалағашского района» по адресу: Кызылординская область, Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №3 с 9⁰⁰ часов «12» января 2026 года до 19⁰⁰ часов «30» января 2026 года.

Проведение конкурса начнется «31» января 2026 года в 11⁰⁰ часов в зале заседаний акимата Жалағашского района по адресу: Кызылординская область, Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Айтеке би №12.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение, за исключением

предоставления земельного участка для ведения аквакультуры, содержит:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до 11⁰⁰ часов «31» января 2026 года».

Сообщаем, что схему расположения земельных участков, выставленных на конкурс, можно посмотреть в Коммунальном государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Жалағашского района», расположенном по адресу: Жалағашский район, поселок Жалағаш, улица Желтоқсан №3. Контактный телефон: 8(72431) 31-8-70.

ЛИСТЕРИОЗ АУРУЫ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Листерия – адамдар, ауыл шаруашылығы жануарлары және кеміргіштер арасында сирек кездесетін жұқпалы ауру, лимфоидты тінін және жүйке жүйесінің қатты зақымдануымен, ағзада (негізінен бауырда) спецификалық ісіктердің дамуымен сипатталады.

Листерия ауыл шаруашылығы жануарларында, жабайы жануарларда және адамдарда кездесетін өте қауіпті бактериялық ауру.

Листериядың қоздырғышы патогенді бактерия болып табылады, ол өте төзімді және сыртқы ортада кенінен таралған. Қоздырғышты жұқтыру көздері кеміргіштер, оның ішінде тышқандар, егеуқұйрықтар, су тышқандары, қояндар. Қазіргі уақытта листерия үй шаруашылығы жануарларында, иттерде, мысықтарда және құстарда байқалады. Жабайы жануарлардың көпшілігінде листерия ауруының көріністері байқалмайды, бірақ олар қоздырғышты сыртқы ортаға бөледі.

Ауру жануарлар мен бактерия тасымалдаушылар листерияны сыртқы ортаға танаудан, жыныс мүшелерінен аққан сорамен, нәжіспен, несеппен, сүтпен, тастанды тәсілмен шығарады. Жануарларға алиментаарлы жолмен, сондай-ақ көз бен мұрын қуысының кілегей қабықтары, зақымдалған тері арқылы жұғады. Ауруды жұқтырудың басты көзі болып зақымданған жем-шөп, соның ішінде сүрлем саналады.Адам листерияозды осы індетпен зақымданған кеміргіштермен, ауыл шаруашылығы жануарларымен, зақымдалған тері арқылы, ас қорыту жолдары арқылы, термиялық

өңделмеген көкөністерді, сондай-ақ ауру жануарлардың сүті мен етіп пайдаланған кезде жұқтырады.

Бірнеше жүзу жолдары бар: алиментарлық жүзу жолы (тағам арқылы) жеткіліксіз термиялық өңдеуден өткен сүт және ет тағамдарын пайдалану, синантроптық кеміргіштермен ластанған көкөністер мен суды пайлану, әэрогендік жол мал шаруашылық жайларды тазалау кезінде, құс фабрикалары мен үй жағдайында қауырсын мен мамықты жинау уақытында, ауа шаң арқылы іске асады, жанасу арқылы жүзу бұл механизм жануарларға қарау.Алдын алу шаралары: тек термиялық өңделген өнімдерді, әсіресе термиялық өңделген ет, балық, сүт өнімдерін пайдалану;

- көкөністерді, жеміс-жидектерді мұқият жуу;
- тек тексерілген және тазартылған су ішу;
- қол гигиенасын сақтау, шикі етті кесуге арналған пышақ, тактайларды, қолданылатын ыдыстарды жуу және өңдеу;
- шикі және пісірілген тамақ өнімдерін сақтау кезінде құрыптау;
- жануарлармен, олардың тері, жүнін ұстайтын, листериябен ауыратын наукастармен және басқа да тәуекел топтарымен байланыста болатын адамдар және қорғаныш құралдарын пайдалану қажет.

Алдын алу шараларын сақтай отырып сіз өзіңіздің және жақыныңыздың денсаулығын сақтап қалатыныңызды ескеріңіз.

Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы

“Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

№ р/с	Басшының аты-жөні	лауазымы	Қабылдайтын күндері	Уақыты
	Ахметов Орман Айтмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күндері	Сағ.15-00-ден 17-00-ге дейін

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы 410 “Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген “Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдіптілік нормаларын және мәнез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы” Әлеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті М.Көкенов көшесі №44 мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде **22-3-24 сенім телефоны** жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

ҒАСЫРҒА ТАРТА ТАРИХЫ БАР АҚСУАТ

Қызылорда қаласына қарасты “Ақсуат” ауылының ғасырға жуық тарихы бар. Тарихқа зер салсақ ауыл негізі 1928-ші жылы қаланған. Алғашқы ұжымдастыру кезінде алғашқы ауыл шаруашылық артельдерін, ұжымдық шаруашылықтар ұйымдастыруға белсене қатысқан Жанбосынов Ешпанның құрметіне “Ешпан” ауылдық кеңесі болып аталған. Негізі 1928-1932 жылдар аралығында құрылған майда серіктестіктер 1934 жылы төртінші ауылдық кеңесі бойынша Жасқайрат, Жаңатұрмыс, Киров, Қызылорақ, Қызылқұм, Қара қожа, Батбаққара ұжымдық шаруашылықтары болып ұйымдасқан. 1938 жылы мамыр айында бұл 7 шаруашылық біріктіріліп, 3 шаруашылыққа, яғни Жасқайрат, Жаңатұрмыс, Кировқа айналды. 1950 жылы бұл үшеуі біріктіріліп, іргелі шаруашылық болып Киров ұжымшары аталып, қайта құрылған. 1972 жылы Киров ұжымшары көкөніс және сүт өндіретін кеңшарға айналады. Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін 1992 жылдан бастап жекешелендіру кеңінен етек ала бастады. Кеңшар Қаратабан, Жаңадария, Бесарық, Қырықбайтақ деп аталатын 4 ұжымдық кәсіпорындарға бөлінеді. Олар бидай, күріш, көкөніс, жоңышқа егумен және мал шаруашылығымен айналысады. 1993 жылдың ақпан айында ХХІ шақырылған халық депутаттарының облыстық кеңесінің ХІ сессиясының қаулысымен Сырдария ауданы Киров ауылдық кеңесі Ақсуат ауылдық кеңесі болып аталды. 1994 жылдан бастап Киров кеңшары Кеңестер Одағының батыры Жақыпбек Маханбетов ауылы болып аталды.

1997 жылы Сырдария ауданы таратылғаннан кейін Ақсуат ауылдық округі Қызылорда қаласына қарады. Қызылорда қаласы әкімінің 2003 жылғы 28 шілдедегі №3052 санды шешімімен Ақсуат ауылдық округінің жер көлемі 18230 гектар болып бекітілді. Содан бері “Ақсуат” ауылы Қызылорда қаласымен біте қайнасып келеді. Сырдария ауданы тарағаннан кейін, өзімен қатар Қызылорда қаласына қарасты ауылдар арасында шоқтығы биік келе жатқан “Ақсуат” ауылы бүгінде табысты болумен қатар көрікті де елді мекенге айналды.

Бүгінде еліміз бойынша ел халқының 37%-ы, яғни 7,5 миллион адам ауылда тұрады дейтін болсақ, оның ішінде Қызылорда облысы бойынша 845 мың тұрғын бар болса, соның 447-і мыңы, яғни халықтың 53%-ы ауылдарда тұрады. Ал, “Ақсуат” ауылында сол 447 мың ауылдықтың 11671-і тұрады. Осы 11671 адамның 4346-сы еңбек етуге қабілетті. Осының 55-і жұмыссыз. Алайда 548 адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр.

Биылғы жылдың 10 айындағы ауыл бюджеті 1 млрд. 459 млн. 155 мың 300 теңгені құрап, орындалуы 1 млрд. 459 млн. 142 мың 997 теңге болды. Яғни 100% орындалып тұр.

Салық түсімдері бойынша негізі 10 айға жоспар 48 млн. 155 мың 500 теңге болғанымен, орындалуы 67 млн. 444 мың 786 теңге болып, ол да 140,0%-ға орындалып отыр. Бұл үлкен көрсеткіш. Өрине салық түсімінің көбеюіне кәсіпкерлікті қолдау бағыты бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың ықпалы зор.

Ауылда 600-ден астам шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Оның 18-і заңды тұлға, 524 - дара кәсіпкерлер, 56-сы шаруа қожалықтары.

Ауыл өнімін өңдейтін кәсіпкерлер қатары да бар.

Биылғы жылға 71 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Жалпы ауылдың қалаға жақындығы елдің кәсіппен айналысуына өз септігін тигізуде. Өйткені өнімді өткізетін сауда нарығы алыс емес. Содан да ауылдықтардың кәсіппен айналысуға ықыласы зор. Көп кәсіпкер жеңіл өндіріске, оның ішінде тағам өндірісіне, тоқыма өндірісіне бет бұруда. Биылғы жылдың қараша айына дейін 14 кәсіпкер 321,8 млн. теңге несие алған. Оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында 65,6 млн. теңгені

Ауылдағылардың негізгі кәсібі егін мен мал. Оған мүмкіндік те бар. Мәселен Ақсуат ауылдық округінің жалпы жер көлемі 11951,8 гектар. Таратып айтар болсақ, оның ішінде:

3961 гектары елді мекен аумағы; 560 гектары егістік жері; 5434 гектары жайылымдық жер.

Тағы да басқа мақсаттағы 2512 гектар жер бар. Байқалғанындай малы бар тұрғындар үшін жайылымдық жер жеткілікті. Мал басы да жыл сайын көбейіп келеді. Қазір ауылдықтардың малы 8 мыңға жақындап қалды. Әсіресе қой мен ешкінің үлесі мол. 3393 ұсақ жантағы бар ақсуаттықтардың ет пен ет өнімдерінен тапшылық көрмесі анық. 3 мыңға тарта мүйізді ірі қара ұстап отырғандардың да тұрмыстық жағдайы жақсы. Ақсуат ауылы



құрайтын 10 жоба бар. «Даму» қоры арқылы несие сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша 1 жоба 200,0 млн. теңге. қолдау тапты. Басқа да несие серіктестері арқылы 3 кәсіпкер 56,2 млн. теңгеге несие алып кәсібін жүргізуде. Кәсіп бастағысы келетін ауылдықтар үшін «Бастау Бизнес» курсы өте тиімді болып тұр. Биылғы жылы 25 адам курсты оқып, сертификат алды.

Мемлекеттік қайтарымсыз грант бойынша 48,8 млн. теңгені құрайтын 31 жоба да қолдау тапты.

Ауылдықтар үшін әлеуметтік қолдау өте маңызды. Табысы төмен, көп балалы, еңбекке жарамсыз жандары бар отбасылар үшін атаулы әлеуметтік көмектің орны бөлек. Биылғы жылы 68 отбасына 31,2 млн. теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалыпты. Адам басына шаққанда 1 адамға 31 379 теңгеден келіп тұр екен. Дегенменен әлеуметтік көмекке иек артып, масылдық пиғылды көбейткеннен гөрі халықты жұмыспен қамтығанның орны бөлек екені белгілі. Осы бағытта жыл басынан 100 адам тұрақты жұмысқа орналасып, 35 адам ақылы қоғамдық жұмысқа, 6 әлеуметтік жұмыс орындарына, 10 адам «Жастар практикасына», 15 адам Күміс жас бағдарламасына тартылды.

қалаға қарасты ауылдар арасында қымызымен, шұбатымен ерекшеленеді. Өйткені мұнда 2 мыңға тарта жылқы, 60-қа жуық түйе бар. Ақсуаттықтар құс өсіруден де құр алақан емес. Бүгінде 1250-дей құс өсіріп отырған ауылдықтар құс етімен, жұмыртқасымен өз-өздерін қамтамасыз етуге де мүмкіндігі бар.

Ауылдықтарға қолайлы жағдай жасау жергілікті биліктің, қала әкімінің, ауыл әкімінің тікелей назарында. Қазір ауылдықтарға жақсы инфрақұрылым жасалуда. Аймақтың көптеген ауылдарымен қатар Ақсуатта да жарықпен қамту, көше жөндеу, көшеге жарық бағаналарын орнату бағытында көптеген игі істер атқарылуда. Мәселен өткен жылы 32 көшені электр желілерімен қамту мақсатында республикалық бюджеттен бөлінген 74 млн. теңгеге құрылыс жұмыстары бастау алды. Быыл бұл жұмыстарды жалғастыруға 573 млн.051 мың теңге бөлініп отыр. Құрылыс жұмыстары толық аяқталғаннан кейін электр желілерімен бұған дейін қамтылмай қалған 22,5 шақырым аумақта орналасқан жаңадан қоныстанушы тұрғындардың электр желісіне қатысты мәселелері толығымен шешіледі. Қазір жоба аяқталу үшін 361 000,0 мың теңге бюджеттен бөлінілуі күтілуде.

Одан бөлек қоғамдық көліктер қатынайтын басты П.Тлепбаев, А.Найзағараев, Б.Жүсіпбеков, Канал-2 (7,4 км) көшелерінде республикалық бюджеттен бөлінген 100 млн. теңгеге жол құрылысы басталды, биыл қалған 1 113 349 мың теңгеге жол жөндеу жұмыстары аяқталды.

Қазіргі таңда қалалық бюджеттен 11 млн. 232 мың теңгеге 1,22 шақырым болатын А.Арысбаев, Орманбаевтар, О.Жақенов көшелеріне түнгі жарық бағаналары орнату жұмыстары аяқталды. Жеңімпаз мердігер мекемелер – «Тritonn» ЖШС және ЖК «Е.Құттыбекұлы».

Ағымдағы жылы ауылдық округтегі И.Дауылбаев, М.Бажиов, №3 В, №7 В, №8, №9 В, №15, Ж.Аубакиров, К.Иманбердиева, А.Смайлов (№10), Е.Боранкулов (№11), Ш.Атеев(№14) көшелерінің құрылысы бойынша мердігер мекеме «Орда Автотор» ЖШС –мен өтпелі кезеңге келісім шарт жасалды, қазіргі таңда 783 251 мың теңге қалалық бюджеттен қаржы қаралып, жұмыстар басталуда. *Жобалар бойынша жалпы 563 251,0 мың теңге игерілді, 2025 жылға 220 002,0 мың теңге, 2026 жылға 9 998,0 мың теңге қаржының бөлінуі күтілуде.*

Сондай-ақ А.Абиев, Жаңа тұрмыс, Қырық байтақ, №10 В, Б.Алимов, Т.Қаратаев көшелері құрылысы бойынша мердігер мекеме «Қызылорда жолдары» ЖШС-мен өтпелі кезеңге келісім шарт жасалды.

Қайта жаңғыртудан өтетін Қ.Үсенбаев, Б.Жонбаев, Байтен және Сарыкөл көшелері бойынша «Қызылорда жолдары» ЖШС-мен өтпелі кезеңге келісім шарт жасалды.

Ауыл аумағын тұрмыстық қоқыстардан тазарту жұмыстары «Бірге таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында елді мекеннің санитариясын қамтамасыз ету үшін «Қызылорда тазалығы» коммуналдық

мекемесімен 8072,2 мың теңгеге келісім шарт жасалып, жұмыстар жасалуда.

Ауылымыздың іргесінің кеңеюіне байланысты тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған полигонның орнын ауылдан тыс жерге орналастыру мақсатында құжаттары өзірленіп, құзырлы мекемелерден келісім алу жұмыстары жүргізілуде. Ауылдық округтегі мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындарға арнайы ауыл сыртынан Агроаймаққа жер телімі белгіленіп, құжаттары рәсімделіп, қалалық бюджеттен 3 млн. 499,9 мың теңгеге жер учаскесінің қоршау жұмыстары жүргізілді. Жеңімпаз мердігер мекеме – ЖК «Абилсановна».

Ағымдағы жылы ауылдың шығыс жақ кіре берісі «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автодөлізі бойына 300 ағаш көшеттері егіліп, қоршау жұмыстары жүргізілді.

Жалпы биылғы жылға жоспарланған жұмыс ауқымы орындалды десек те болады. Келер жылға үміт еткен жобалар баршылық. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен, жергілікті биліктің қамқорлығымен ауылымыз көркейіп, бұдан да әрі жақсара беретін сөзсіз. Қайсыбір кезеңде болмасын ауыл халқының ынтымағы жарасып, бірлігі бекем болса берекесі де мол болары белгілі.

АШЫҚ ФУТЗАЛ ТУРНИРІ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Қызылорда қаласында футболдан қалалық ашық турнир өтті. Турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылып, бір алаңда мыңдаған жанкүйердің басын қосты. Биылғы дода «Евразия» мен №2 ОРМБЖМ спорт кешендерінде өткізіліп, жарысқа қала және өңір командалары арасынан 18 команда, жалпы саны 500 спортшы қатысты. Командалар бірнеше күн бойы үздік атану жолында өз өнерлері мен шеберліктерін көрсетіп, нағыз тартысты ойындарымен ерекшеленді.

Турнирдің жалпы жүлде қоры 1 500 000 теңге болды. Үздік нәтиже көрсеткен командалар төмендегі жүлделерге ие болды:

- 1-ші орын — “ORDA-S” командасы - 700 000 теңге;
- 2-ші орын — “КГЭК” командасы - 400 000 теңге;
- 3-ші орын — “Қожамберді” командасы - 200 000 теңге;
- 4-ші орын — “Сырдария” командасы - 70 000 теңге.

Сонымен қатар турнир барысында ерекше ойын өрнегімен жанкүйерлерді тәнті еткен үздік ойыншыларды арнайы қаржылай сыйақылармен марапаттады.

АРЫҚТАРДЫ ҚЫС ДАЙЫНДА

Қайсыбір қала болмасын көгалдандырудағы ең үлкен мәселе – аяқ су. Аяқ су жетімсіздігінен еккен тал, гүлдің қурап қалатыны, өспейтіні белгілі.

Қалалықтарға қолайлы орта қалыптастыру бағытында Қызылорда қаласында да бірқатар игілікті істер атқарылып келеді. Соның бірі бұрынғы аяқ су жолдарын қалпына келтіру және жаңадан су жолдарын қалыптастыру.

Қыстың күні жылусыз қалмау үшін “Қыс шанаңды жаз сайла» дейтін болсақ, енді көктемде сусыз қалмау үшін арығыңды қыс дайында дейтін болды.

Мәселен «Қызылорда тазалығы» мекемесі қала аумағын аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында Жібек жолы, Сарқырама, Табиғат және каналдарының тазалығын ұдайы назарда ұстап келеді. Биыл аяқ су беру маусымы аяқталғаннан кейін Сол жағалау мөлтек ауданындағы арық жүйелерін тазалау шаралары күнделікті жүргізілуде. Қазіргі уақытта Сарқырама каналы мен қалаішілік арық жүйелері бекітілген кестеге сәйкес тазалануда.

Бұл жұмыстарға арнайы техника мен бригадалар жұмылдырылған.



БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Волонтер, яғни ерікті болу өздерінің мемлекеттік қызмет, жеке кәсіпкерлік салаларындағы қызметтерінен бөлек, ақсыз өз еріктерімен төтенше жағдайда ғана емес, күнделікті тірлікте де аралуан оқиғаларға атсалысып, жабырқағанның жанынан табылып, қиналғанға қол ұшын беріп жүрген еріктілер, яғни волонтерлар біздің қаламызда да аз емес. Өрі басым дені – жастар.

Жастардың қайырымдылыққа бет бұрып, жалғызбасты, күнкөрісі қиын жандарға қамқор болып, қоғамда ізгілікті істер атқарып жүргені көңіл қуантады.



Жақында болып өткен волонтерлар күніне орай қала билігі тарапынан қала жастарын марапаттау шарасы өтті.

Оған шаһардағы волонтерлық ұйымдар мен түрлі бағытта қызмет етіп жүрген белсенді жастар қатысты.

Марапат алған жастар арасында Белкөл кенті клубының әдіскері Мұстафаева Шынар Біртайқызы, Белкөл кентінен Төленді Нурилла Амангелдіқызы, Тасбөгет кентінен Орынбай Шолпан Жолдасбайқызы, Серікқалиқызы Майра, Қызылөзек ауылдық округі әкімінің аппаратының жетекші маманы Алмағанбетова Индира Жақсылықызы, Қызылөзек ауылдық округінен Тұрғанбай Назерке Данабекқызы, Қосшыңырау

ауылдық округінен Орынбек Назерке Өлібекқызы, Тоқтарова Жансая Ерболатқызы, “Талсуат ауылдық округі әкімі аппаратының” қоғамдық жұмысшысы Қашқынбеков Нұрман Еркемұлы, Талсуат ауылдық клубының сантехнигі Өбдірахманов Нұрхан Бақытұлы, Қызылжарма ауылдық округінің қоғамдық жұмысшысы Қалдыбек Әсем, Қызылжарма ауылдық округінен Жаппарова Еңлік, “Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі аппаратынан” Арысбаев Мағжан Бауыржанұлы, Жеңісбек Фариза Берікқызы, “Ассамблея жастары” РҚБ-нің Қызылорда облысы бойынша

Аманжолұлы бар. Сондай-ақ қаланың қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген Бахытжанұлы Нұрсұлтан, Алдаш Еркебұлан Мұратұлы, Бисенбай Айсу Берікқызы, Ханзада Нұрғасыр, Намурадин Баржан да марапаттан құр қалмады. «Жастар Рухынан» Қуатбаева Жанерке Асқарбекқызы, Амантай Жалғас Тұрарұлы, Алтын Төребайқызы, Нұрсая Серікбайқызы, Ермекбаева Аяулы Русланқызы, қалалық жастар ресурстық орталығынан Молдашова Дильназ Жанабекқызы, Ерланқызы Бибінұр, Әуезхан Айнель Дарханқызы, Тұнғатарова Салтанат Алмасқызы



да бар. Серік Сәдуақасұлы, Сұңғат Ахметалиұлы секілді жас кәсіпкерлерге де қала билігі алғыс айтты.

Марапат – белсенді қимылға, айналаға жанашырлық пен жақсылыққа, ізгілікке деген игі істерге қоғамның берер бағасы. Осы мерекеде марапатталған жастар қаламыздың есіп-өркендеуіне аянбай үлес қосар өркені екені даусыз.

Шараға арнайы қала әкімінің орынбасары Діпмұхамед Абизов қатысып, жастардың ұсыныстарын тыңдап, еркін пікір алмасты. Діпмұхамед Мінүрбекұлы волонтерлық қызметтің қоғамдағы маңыздылығын атап өтіп, белсенді жастарға алғысын білдірді.

Проект

ОБ УТВЕРЖДЕНИИ
РЕГИОНАЛЬНОЙ
СИМВОЛИКИ ГОРОДА
КЫЗЫЛОРДА

В соответствии с подпунктами 4-5) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Кызылординский городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить прилагаемую региональную символику города Кызылорда.
2. Настоящее решение вступает в силу со дня его принятия.

Председатель Кызылординского городского маслихата

И.КУТТЫКОЖАЕВ

Утвержден

решением Кызылординского городского маслихата

№ ____ от « ____ » _____ 2025 года

Региональная символика города Кызылорда

ТАБИҒАТТЫ
АЯЛАЙЫҚ!

Қазіргі кезде балық шаруашылығына аса көңіл бөлініп жатқаны бәрімізге белгілі. Осы соңғы жылдардағы Сырдария өзені суының аздығы бәрімізге әсер етіп жатыр. Кейбір көлдердің суы азайып таязданып, немесе кепіп қалды. Бұл қыс қатты болса тазы көлдер түбіне дейін қатып қалуы мүмкін деген сөз.

Мен өзіме бекітілген Телікөл көлдер жүйесіндегі “Алабие” көлінде балық шаруашылығын дамыту жоспары бойынша жұмыс жасап жатырмын. Быыл күршіткітерден Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің мамандарымен және “Алабие” көлінің қорықшыларымен бірлесіп, деңмаңдай 13200, ақ амур 14600, табан 17100, барлығы 44900 балық шабақтары құтқарылып “Алабие” көліне жіберілді.

Жоспардағы іс-шаралар толығымен орындалып жатыр. Сонымен қатар балық есімін малайту, қорғау іс-шараларының барысында олардың мекен ортасы мен табиғи ортасын жан-жақты қорғауымыз керек.

Жануарлар дүниесін қорғау – қоршаған ортаны қорғаудың негізі. Осыған байланысты қоршаған ортаны қорғаудың барлық талаптарын орындауымыз керек. Менің айтарым біздің еңбегімізді бағалаңыздар. Қоршаған ортаны ластамай, экологиялық қалыпты жағдайды бүлдірмейік.

Су, көл жағасына дем алуға барғанда тұрған жерімізді тазалап, қоқыстарыңызды жинап кетіңіздер. Жағалауды өртемейік. Қанша аң мекенінен қашады. Көктемде қанша құс ұясы жанып кетеді. Жабайы жануарлар қырылады. Ол өртті көп жағдайларда тоқтату мүмкін болмайды. Осы талаптарды сақтағандарыңыз, бұл бізді, өздеріңізді, өсіп келе жатқан ұрпағымызды сыйлағаныңыз.

Ж.ҚАЛМАНОВА

жеке кәсіпкер

СЕНБІ САЙЫН СЕНБІЛІК

Айналаны таза ұстап, қоршаған ортаға қорған болып, экологиялық ахуалды жақсартып, адам денсаулығын түзеу – қызылордалықтар үшін дағдыға айналды десек, өтірік еңгіме емес.

Әр апта сайын меншік түріне қарамастан қаланың үлкенді-кішілі мекеме қызметкерлері көше тазартуға шығады. Сарғайып жерге түскен ағаш жапырақтары, желмен ұшқан қағаздар, пакеттер, сондай-ақ әдепсіз жандардың әрекетінен арық, қуыстарда “тығылып” тұратын темекі тұқылдары, бейберекет тасталған пластик ыдыстар қала тазалығына мін болғанынан бөлек, тұрғындар денсаулығына зиян екені де белгілі.

Қолдарына күрек алып, арық аршып, сыпырғыштарымен шаң-топырақты сыпырып, ағаш, қағаз, пластик қалдықтарын теріп, бір жерге шөмеле етіп жинап, әр аптадағы сенбілік сайын қала тазартатын “тазалықшылар” арқасында Қызылорда – еліміздегі таза қалалардың бірегейіне айналып отыр.

Кешегі аптаның сенбісінде де Қызылорда қаласы аумағында ұйымдастырылған экологиялық тазалық жұмыстарына 31 мекемеден 368 адам қатысып, 15 техника жұмылдырылған. Нәтижесімен орталық полигонға 30 м³ қоқыс жеткізілген.

ЗАҢДЫЛЫҒЫН ТҮСІНДІРІП ЖҮР

Қызылорда қаласының қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қоғамдық даму бөлімімен бірлесіп, Қызылорда қаласындағы бірқатар жарнама агенттіктеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Себебі де бар. Әралуан кәсіпкерлік нысандар маңдайшасындағы атаулар, көшелердегі жарнамалық билбордтар қала көркі ғана емес, қоғам мәдениеті де. Өкінішке орай тіл нормасын сақтауда, қатесіз дұрыс жазуда әлі де кемші тұстар бар. Заң баршаға ортақ дейтін болсақ қаладағы кейбір нысандардың аттарын тек ағылшын тілінде ғана жазылуы заң бұзушылық болып табылады.

Түсіндіру жұмыстарын жүргізу барысында «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» және «Жарнама туралы» заңдарының талаптарына сәйкес көрнекі ақпараттардың дұрыс рәсімделуі, мәтіндердің орфографиялық нормалары мен мемлекеттік тілдегі сауатты жазылуы түсіндірілді. Бұл жұмыстар қала аумағындағы жарнама мен көрнекі ақпараттардың заңнамаға сәйкес болуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сұрағым бар... БЖЗҚ-ДАН БІРЖОЛҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ: ҚАНША ҚАРАЖАТ АЛУҒА БОЛАДЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК?

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және/немесе емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарынан қанша қаражатты қандай жағдайларда пайдалануға болады?

Біржолғы зейнетақы төлемі (БЗТ) – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне белгіленген тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы (зейнетақы төлемдерін алушы) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алатын міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы. БЗТ-ны өзіне немесе жұбайы/зайыбы не жақын туыстарының пайдасына мынадай шарттардың бірі болған кезде алуға болады:

Егер салымшының міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) зейнетақы жинақтарының сомасы ҚР Үкіметі бекіткен әдіс-төмеге сәйкес айқындалған зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілігі шегінен (ТЖШ) асса (*ТЖШ-дан асатын соманы пайдалануға болады*);

Егер зейнеткердің зейнетақысы оның еңбекке жарамды кезінде алып жүрген орташа айлық кірісінің кемінде 40%-на тең алмастыру коэффициентін қамтамасыз ететін болса; Кірісті алмастыру коэффициентінің мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіп бойынша айқындалады. Орташа айлық кірісті алмастыру коэффициентін есептеу кезінде алушының базалық және ынтымақты құрамындағы есебінен қалыптасқан зейнетақысының мөлшері және зейнеткерлікке шыққан күннің алдындағы, бірақ республика бойынша орташа айлық кірістен аспайтын табысы ескеріледі (*жинақтардың 50% -на дейін пайдалануға болады*);

Егер МЗЖ-ның салымшысы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасаса (*жеке зейнетақы шотындағы жинақтардың 100%-на дейін пайдалануға болады*);

Бұл ретте БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын алу болашақ зейнетақы төлемдерінің мөлшерінің азайып, кезеңінің қысқаруына себеп болатынын ескеру қажет. Сондықтан зейнетақы қаражатын алу туралы шешім қабылдас бұрын, зейнет жасына жеткенде зейнетақының қай деңгейіне иек арта-тынызды шешіп, өзіңіз үшін басымдықтарды анықтауыңыз керек.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және/немесе емделу ақысын төлеуге арналған төлемдерді алу үшін қайда жүгінуге болады?

Зейнетақы жинақтарын тек уәкілетті операторлар – екінші деңгейдегі банктер арқылы пайдалануға болады. БЖЗҚ тұрғын үй жағдайын жақсарту және/немесе емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемін пайдалану бойынша өзара іс-қимыл туралы келісімдер жасаған уәкілетті операторлардың тізімі:

«Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (Тұрғын үй және емделу);

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (Тұрғын үй);

«Банк Центр Кредит» АҚ (Тұрғынүй);

«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) (тұрғынүй);

“Банк ФридомФинанс Казахстан” АҚ (Тұрғын үй).

БЗТ-ны жүзеге асыру тәртібі төмендегідей:

- алушылар БЖЗҚ сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы алуға болатын жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) үзінді көшірмесінен тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында алуға қолжетімді міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы туралы мәліметтерді алады;
- содан кейін алушы уәкілетті операторға уәкілетті оператордың интернет-ресурсы арқылы БЗТ алу туралы өтінішпен жүгінеді және өтінішке электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды;
- уәкілетті оператор екі жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға БЗТ алу туралы алушылар тарапынан түсіп, тіркелген өтініштер туралы электрондық хабарлама жібереді;
- БЖЗҚ өз өкілеттілігі шеңберінде жеке зейнетақы шотында сұрау салынған соманың болуын тексереді және бас тартуға негіздер болмаған жағдайда электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті операторға өтініште көрсетілген БЗТ сомасын (көрсетілген сома ЖЗШ-да болған кезде) алушының тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетақы төлемі үшін уәкілетті оператор арнаы ашқан шотқа есептеу үшін аударады;
- зейнетақы жинақтарының мақсатты пайдаланылуын растайтын құжаттарды алушылар тек уәкілетті операторларға ұсынады.

Құжаттарды тексеріп, қаражатты өтініш берушінің түпкі мақсатына аудару туралы шешімді уәкілетті оператор қабылдайды.

Егер алушы тұрғын үйге немесе емделуге зейнетақы жинақтарының пайдаланылғанын растайтын құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынбаса, онда қаражат БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотына қайтарылады.

Айтыңызшы, ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу болашақ зейнетақы мөлшеріне әсер ете ме?

Еліміздің жинақтаушы зейнетақы жүйесі ең алдымен азаматтарды зейнеткерлікке шыққаннан кейін қамтамасыз етуге бағытталған. Отандастарымыздың зейнетақы жинақтары зейнетақы жарналары, сондай-ақ зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыс есебінен қалыптастырылады. Болашақ зейнетақы деңгейіне жарналардың жүйелілігі мен мөлшері, сондай-ақ зейнетақы активтерінің инвестициялық кірістілігі әсер етеді.

БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын алу болашақ зейнетақы төлемдерінің мөлшері мен кезеңінің азаюына себеп болады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, зейнетақы қаражатын мерзімінен бұрын алу туралы шешім қабылдамай тұрып, зейнеткерлік жасқа жеткенде қандай зейнетақы алатыныңызды шешіп, өзіңіз үшін басымдықтарды анықтауыңыз керек. Болашақ зейнетақының мөлшерін білу үшін Сіз зейнетақының неден құралатынын көрсететін болжамды зейнетақы калькуляторын пайдалана аласыз. Оны үш сценарий бойынша есептейді: пессимистік, шынайы және оптимистік, бұл салымшыға нақты инвестициялық кірістің болжамды деңгейін ескеретін барлық мүмкін нұсқалармен танысуға көмектеседі. Сонымен қатар бұл құрал әрбір салымшыға болашақ зейнетақы мөлшерінің мерзімінен бұрын пайдаланылған және пайдаланылмаған жағдайда қандай болатынын есептеуге көмектеседі. «Зейнетақы калькуляторы» қызметімен БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында толығырақ танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, ең төменгі жеткіліктілік шегі (ТЖШ) – бұл ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес (ең төменгі базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) ай сайынғы төлемді қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының ең төменгі мөлшері. Басқаша айтқанда, ең төменгі жеткіліктілік шегі – бұл салымшы зейнеткерлік жасқа толған кезде ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес зейнетақы төлемдерін (мемлекеттік бюджеттен ең төменгі базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) алуы үшін шотта қалуы тиіс ең төменгі көрсеткіш.

Зейнетақы жинақтары мен инвестициялық кіріс неден тұрады? Нәліктен инвестициялық кіріс өзгереді?

БЖЗҚ-ның әр салымшысының зейнетақы жинақтары оның зейнетақы шотына түсетін жарналар мен инвестициялық кірістерден құралады. БЖЗҚ барлық жинақтардың есебін жүргізеді, ал ҚР ҰБ мен салымшы таңдаған инвестициялық портфельді басқарушы (ИПБ) оларды басқарады. Табыс алу мақсатында зейнетақы активтері елдегі және шетелдегі әр түрлі валютадағы түрлі қаржы құралдарына инвестицияланады. Инвестициялық кіріс әртүрлі көздерден құралады:

бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістер; қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау түріндегі кірістер; сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер және т. б.

Қаржы нарықтарындағы жағдай бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау, сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыстарға және т. б. әсер ететін экономикалық, саяси және басқа факторлардың әсерінен өзгеруі мүмкін. Сондықтан кейде инвестициялық кіріс оң да, теріс те болуы мүмкін. Бұл зейнетақы жинақтарының жалпы сомасына уақытша әсер етеді. Инвестициялық қызметтің нәтижелерін орта және ұзақ мерзімді кезең аралығында бағалаған жөн.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық – әрбір салымшы өзінің инвестициялық табысын enpf.kz сайтында немесе мобильді қосымшадағы жеке кабинетте 24/7 режимінде көре алады.

ҚР қолданыстағы Салық кодексіне жеке табыс салығын өндіріп алу мерзімдеріне қатысты қандай өзгерістер енгізілді?

Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес тұрғын үйге немесе емделуге біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдаланған кезде салымшы жеке табыс салығын (ЖТС) өз қалауына қарай төлей алады: БЗТ алған кезде бірден немесе зейнетақыға дейін кейінге қалдырып төлеу. Сонымен қатар, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мұндай тұлғалардың БЗТ түріндегі салық салынатын табысына стандартты салық шегерімдері (882 АЕК шегінде) қолданылады. Бұл осы санатқа жататын алушылар БЗТ алған күннен бастап үш жыл ішінде ЖТС қайта есептеу мен өтеуді қолдану үшін БЖЗҚ-ға тиісті өтінішпен және растайтын құжаттармен жүгіне алатынын білдіреді. Алайда, БЗТ-ны2021-2022 жылдары алған азаматтар түрлі себептермен бұл мүмкіндікті пайдалана алмады. Енді ҚР Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуіне байланысты 2025 жылғы 15 шілдеден бастап жеке тұлғалардың осындай өтініштері үшін белгіленген талап қою мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін ұлғайтылды. Бірақ бұл ереже тек 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады, өйткені 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Онда ЖТС-ты қайтару үшін көзделген мерзім – 3 жыл. Сондықтан ЖТС қайтаруға құқығы бар адамдарға құжаттарын 2025 жылы тапсырып үлгеру туралы кеңес береміз.

ЖТС-ты қайта есептеп, қайтарып алуға кімнің құқығы бар?

Салық салынатын табыс пен ЖТС-ты қайта есептеуге құқығы бар жеке тұлғалардың тізбесі қолданыстағы Салық кодексіне айқындалған. Бұл бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектер, мүгедек балалардың ата-аналарының немесе қамқоршыларының бірі, бала асырап алушылардың бірі, жетім балалардың асырап алушы ата-аналары, соғыс ардагерлері және басқа санаттар. Мұндай азаматтардың толық тізбесі Салық кодексінің 346-бабында көрсетілген. ЖТС қайтаруға қажетті құжаттарды беру мерзімі үш жылдан бес жылға дейін ұзартылды. Алайда, ол 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталмай, өйткені 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Сондықтан БЖЗҚ-ның жақын жердегі филиалына барып, өтінішіңіз пен қажетті құжаттарды тапсыру қажет. Қайта есептелгеннен кейін ақша сіздің зейнетақы шотыңызға қайтарылады.

Егер біржолғы зейнетақы төлемдерін алған кезде кейінге қалдырылған ЖТС таңдалса, 2026 жылдан бастап ЖТС-тың жойылуына байланысты зейнетақы жинақтары осы сомаға ұлғая ма?

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР жаңа Салық кодексінің енгізілуіне байланысты:

- алушы Қазақстан Республикасының резиденті болса, ЖТС зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінен ұсталмайды, оның ішінде БЗТ да бар.
- Өзгерістер сондай-ақ 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрғын үйге/емделуге алынған БЗТ-дан зейнеткерлікке шыққанға дейін кейінге қалдырылған салықтар бойынша міндеттемелердің күшін жоюды қамтиды. Бірақ бюджетке бұрын төленген салықтарды қайтару көзделмеген.
- Алайда кейінге қалдырылған ЖТС-тың күшін жою – алуға болатын қолжетімді соманы қоса алғанда, МЗЖ/МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары сомасының ұлғаюы деген сөз емес. Бұл кейінге қалдырылған ЖТС сомасы есептен шығарылатынын және салымшының ЖТС бойынша мемлекет алдында берешегі болмайтынын білдіреді.
- Естеріңізге сала кетейік, 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін БЗТ алу кезінде ЖТС ұстап қалудың екі тәсілі қолданылады: БЗТ алған кезде бірден төлеу және зейнетақы алғанға дейін кейінге қалдыру (барлық пайдаланылатын зейнетақы жинақтарының 10%-ы алушы зейнеткерлікке шыққаннан кейін ұсталады. Бұл ретте салық сомасы тең бөліктенге бөлінеді және 16 жылдан аспайтын мерзім ішінде алушының ай сайынғы зейнетақы төлемдерінен шегеріледі). ЖТС-ты қалай ұстау керектігін уәкілетті операторға өтініш берген кезде БЗТ алушы ғана шешеді.